



№4(96) ШЫҒАРЫЛЫМ, 2023ж.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

Азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел
жадында мәңгі сақтау - қасиетті парызымыз.

Қ.К.Тоқаев

*16 желтоқсан -
Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздік күні!*

Ұйым басшыларының назарына!

ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ жұмысы

- төтенше жағдайлар туындаған және әскери қақтығыстар немесе осы қақтығыстардың салдары кезіндегі қорғау тәсілдері мен әрекеттерге 40 сағат көлемінде 17 түрлі санатқа жатқызылатын ОАО және ЖАО басшылық құрамын, басқару бөлімдерінің мамандарын, азаматтық қорғау (АҚ) күштерін даярлауға;

- АҚ саласындағы білімді насихаттауға;

- байқау және зертханалық бақылау желісіне (БЗБЖ) кіретін нысандық зертханалардың мамандарын ерекше кезіндегі әрекеттерді жүзеге асыру үшін даярлауға;

- өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс салаларындағы білікті зертханалық сынақтар жүргізу қызметін көрсетуге (зертханалық кешен заманауи үлгідегі 124 түрлі сынақ құрал-жабдығы мен қондырғыларынан тұрады; келісімшарт жасалған соң тапсырыс берушіге Сынақ хаттамасы немесе Қорытынды беріледі);

- ғылыми-техникалық және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізуге бағытталған.



Орталықта:

- тәжірибелік сабақтарда қолданыс табатын стендтер, сызба-нұсқалар, плакаттар, панорамалар, құтқарушылар жабдықтарының үлгілері, сондай-ақ РХБҚ құралдары, жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталған арнайы оқу сыныбы;

- платформадағы қозғалмалы сейсмосимулятор;

- азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер, оқу-әдістемелік құралдар және анықтамаларды ұсынатын кітапхананың оқырмандар залы;

- ақпараттық-танымдық сипаттағы бейнефильмдерді оқу мақсатында көрсетуге арналған зал бар.

АҚҰО жүзеге асыратын ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыс

«АҚҰО» АҚ-ға 2023 жылдың 4 мамырынан сериясы МК №000204 *Аккредитация куәлігі* берілген. «Азаматтық қорғау туралы» ҚР заңының 45 бабында анықталған келесі екі маңызды сұрақ аясында ұлттық орталық ғылыми жұмыстар жасайды:

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың кері ықпалын азайту;

2. Азаматтық қорғау саласында тәуекелдерге баға беру мен сол тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етуші нормативтік-әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Ұлттық орталықтың қызметі туралы толық ақпаратты www.tg-oku.kz сайтынан, сондай-ақ 8(727)274-64-26, 274-91-54, 394-56-36, 8775-251-25-95, 8705-301-73-01 телефондары арқылы білуге болады.

Электрондық пошта: gz_center@mail.ru немесе kuryu@bk.ru



*Мамандандырылған
тоқсандық
басылым*

**2000 жылдан бастап
шығады**

Басшы кітапханасы

**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**

75668 – қазақ тілінде;

75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы

Редакциялық кеңес:

Б. К. Енсебаев

А.С. Сатарбаева

Г. Б. Сақтағанова

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 22.10.2022 жылы № KZ39VPY00057721 тіркелінген

НӨМІРДЕ:

- Редакциядан алғы сөз.....4
- Республика аумағында 2023 жылдың 9 айында болған табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы шолу ақпаратты.....5
- ҚР Үкіметінің 2023 ж. 14 шілдедегі № 565 қаулысы.....9
- ҚР ТЖМ 2023 ж. 14 қыркүйектегі №488 бұйрығы.....44
- ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 ж. 5 шілдедегі № 492 бұйрығы.....68
- «Сұрақтар мен жауаптар» айналары.....77
- Біздің тыңдаушыларымыздың пікірлері81
- **ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР**
- «19 қазан - Құтқарушы күні» тақырыбында өткен баспасөз конференциясы.....84
- Исабаева Л.М. - Сиреналық –сөйлеу құрылғысының сипаттамасы мен ерекшеліктері.....89
- Исаева У. - Кабельдік өтпелердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін бағалау әдістерін әзірлеу.....93
- **АҚ ҰО ЖАҒАЛЫҚТАРЫ**
- Сатарбаева А.С. - Азаматтық қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер мен волонтерлерді тартуды ұйымдастыру және өзара іс-қимыл әдістемесі.....97

Құрметті Журналға Жазылушылар!

Жалпыға танымал «АҚ ҰО» бренді өзінің интернет-ресурсын толығымен жаңартты және жетілдірді. Енді ол, азаматтық қорғаудың барлық аспектілері бойынша бірыңғай ақпараттық база нысанын ұсына-тын, заманауи форматқа ие болды. Ұйымдар, АҚ бойынша барлық ақпарат жүйеленген және мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілген мамандандырылған электрондық онлайн кітапхананы пайдалану мүмкіндігіне ие. АҚ ҰО электрондық кітапхана жаңартылған сайт құрылымында жұмыс істейді www.tg-oku.kz

Ұйымдар, жазылу арқылы АҚ ҰО электрондық онлайн кітапханасын пайдалана алады. Жылдық жазылу - 57 667 теңге. Электрондық онлайн кітапханаға жазылуды келесі порталдар арқылы рәсімдеуге болады: «Мемлекеттік сатып алу», «Самұрық-қазына», «Теңіз-сервис» және «ЕТБ», онда АҚ ҰО 220940008657 БСН-мен тіркелген. Шартты жасап, Сіздің ұйымыңыздың қызметтеріне ақы төлегеннен кейін автоматты түрде интернет-ресурстың ақылы контентіне қолжетімділік коды мен құпиясөз берілетін болады. Сондай-ақ, **Kaspi.kz** мобильді қосымшасының "төлемдер" бөлімінде төлем жасауға болады.

Электрондық онлайн кітапханаға жазылушыға келесі қызметтер ұсынылады:

- АҚ саласындағы тұрақты жаңартылатын нормативтік база.

- Орталықтың әдістемелік материалдары қызметкерлерді оқыту мен даярлауға көмектеседі. Біздің слайд материалдары–сабақтарға арналған дайын рефераттар, ал ұсыныстар-оқу жаттығулары мен жаттығуларға арналған шаблондар.

Орталықтың заманауи контенті–бұл қауіпсіздік жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға бағытталған интернет платформа.

АҚ ҰО интернет-ресурсы бойынша толық техникалық ақпаратты Орталықтың телефондары арқылы алуға болады: 8(727)274-91-54, 8776-222-20-18, 8775-251-25-95, 8707-476-96-76. Электрондық пошта: gz_center@mail.ru, kursy@bk.ru.

Құрметпен, журнал редакциясы

РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА 2023 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДА БОЛҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТ

«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультіне халықтан 4 984 985 қоңырау келіп түсті.

Мынадай уақтылы ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы 7 066 (оның ішінде Түркияда - 7) адамды құтқарды, 8 615 адамды эвакуациялады, зардап шеккен 239 адамға алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан 993 (оның ішінде Түркияда - 88) адамның денесін шығарды, 59 883 рет дабыл бойынша шығу жасады, оның ішінде өрт - 8 155, авариялық-құтқару жұмыстары - 11 399, өрт ретінде есепке алынбайтын жану - 34 205, көрінеу жалған шақырту - 144, расталмаған жану фактілері - 2 299, басқалары - 3 681;



- «Апаттар медицинасы орталығы» ММ 3 847 (оның ішінде Түркияда - 194) зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті: 2 653 адамды құтқарды, 1 430 адамды эвакуациялады, 5 651 шығу жасалды, соның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттері 1 326 шығу жасады, 1 191 адамды эвакуациялады, 2 055 зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетті;

- «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша 1 828 ұшу жасалды, оның ішінде санитариялық авиация желісі бойынша 226 ұшу кезінде 211 науқас тасымалданды.



2023 жылғы 1 қаңтардан бастап профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша жаңа реттеуші саясаттың енгізілуіне байланысты субъектілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды, бұл ретте әкімшілік практика желісі бойынша жұмыс жоспардан тыс тексерулер мен өрттер кезінде бұзушылықтар болған жағдайларда ғана



жалғасады. Бақылау профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы жай-күйге 11 548 тексеру жүргізілді, 91 250 рет бұзушылық анықталды,

10 437 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 1 833 лауазымды тұлғаға 81,5 млн. теңге айыппұл салынды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде 520 профилактикалық бақылау және 110 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. 13 753 бұзушылық анықталды, 455 нысан тоқтатылды, 28,2 млн. теңге сомаға 184 әкімшілік айыппұл салынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 67 356, оның ішінде теле арналарында - 7 687, баспа басылымдарында - 15 121, радиода - 26 773, ақпараттық агенттіктер таспаларында - 17 775 баяндамалар өткізілді және материалдар жарияланды.

9 430 (-3,1%, 2022ж. - 9 731) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, 1 383 (-4,4%, 2022ж. - 1 446) адам зардап шеккен, соның ішінде 539 (+1,5%, 2022ж. - 531) адам қаза болды, материалдық нұқсан 170 967,7 млн. теңгені (+35 есе, 2022ж. - 4 854,5 млн. тг) құрады.



Техногендік сипаттағы ТЖ жалпы ТЖ санының 85,5% құрайды, 8 061 оқиға (-3,7%, 2022ж. - 8 375) тіркелген, бұл ретте 727 (+25,8%, 2022ж. - 578) адам зардап шеккен, соның ішінде 310 (+11,5%, 2022ж. - 278) адам қаза болды.



Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерді 99,1% құрайды, 7 990 (-3,9%, 2022г. - 8 311) өрт болып, онда 701 адам зардап шекті (+25,2%, 2022г. - 560), соның ішінде 301 адам қаза болды (+11,1%, 2022г. - 271), материалдық нұқсан 4 045,5 млн. теңгені (-3,8%, 2022ж. - 4 203,2 млн. тг) құрады.

Өрттердің саны: Жетісу 20,4%-ға (2023ж. - 284, 2022ж. - 357), Түркістан 17,4%-ға (2023ж. - 276, 2022ж. - 334), Павлодар 16,5%-ға (2023ж. - 203, 2022ж. - 243), Қарағанды 16,1%-ға (2023ж. - 454, 2022ж. - 541), Солтүстік Қазақстан 12,9%-ға (2023ж. - 413, 2022ж. - 474), Атырау 12,4%-

электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу - 4,9%, балалардың отпен ойнауы - 2,1%, электр дәнекерлеу және басқа да отпен жұмыстар жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу - 1,3%, заттар мен материалдардың өздігінен жануы - 1,1%, басқалары - 3,3%.



Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар ТЖ-ның жалпы санының 14,5%-ын құрай отырып, 1 369 оқиға тіркелді (+1%, 2022ж. - 1 356), бұл ретте 656 адам (-24,4%, 2022ж. - 868) зардап шекті, 229 адам (-9,5%, 2022ж. - 253) қаза болды. Табиғи ТЖ-ның басым бөлігі табиғи өртке тиесілі 62,7% (2023ж. - 859, 2022ж. - 859), онда 27 адам зардап шекті (2022г. - 13), соның ішінде 14 адам қаза болды (2022г. - 3), материалдық шығын 163 240,2 млн. теңгені (2022ж. - 651 млн. тг) құрады.

ЖАҢА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2023 жылғы 14 шілдедегі № 565 қаулысы*

«Жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 486 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Жойқын жер сілкінісі кезінде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Табиғи өрт шыққан кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Су жайылған, су көтерілген, су тасыған және сел тасыған кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлар, оның ішінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі авариялар кезінде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес Күшті әсер ететін, улы және радиоактивті заттардың атмосфераға шығарылуына байланысты төтенше жағдайлар кезінде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қауіпті биологиялық факторлар туындаған кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес Эпидемия туындаған кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес Эпизоотиялар туындаған кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулыға 1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 14 шілдедегі
№ 565 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 16 тамыздағы
№ 486 қаулысына
1-қосымша

Жойқын жер сілкінісі кезінде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары

Р/с №	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
Төтенше жағдайлар министрлігі – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган			
1	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	сағат + 0.30	адамдарды құтқару, эвакуациялау
2	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Үкіметінің Аппаратын, мемлекеттік органдарды төтенше жағдайдың туындау фактісі бойынша хабардар ету Қауіпсіздік Кеңесін және мүдделі	дереу	ақпаратты жеткізу
3	Азаматтық қорғау күштері мен құралдарын жедел жіберу және басқару	дереу	күштер мен құралдардың іс-қимылын үйлестіру
4	РЖШ өрістетуді және қауырт желі телефонының жұмысын ұйымдастыру	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ және қауырт желі телефонының жедел жұмыс істеуі
5	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру	сағат + 1.30	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
6	Халықты, азаматтық қорғаудың басқару органдарын қалыптасқан жағдай туралы құлақтандыруды және хабардар етуді қамтамасыз ету	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
7	Төтенше жағдайдың ықтимал өрбуіне бағалау жүргізу, ахуал туралы деректерді жинақтау	сағат + 2.00	талдау материалдарын дайындау

8	Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысын өткізу	сағат + 2.00	ВАМК отырысының хаттамасы
9	Жаһандық (өңірлік) ауқымдағы төтенше жағдай жариялау және төтенше жағдайды жою жетекшісін тағайындау туралы өкімнің жобасын дайындау	сағат + 2.00	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі
10	Далалық мобильді госпитальдарды өрістету және зардап шеккендерге шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету	сағат + 2.00	зардап шеккен халықтың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру
11	Эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру	сағат + 2.00	халықты эвакуациялау
12	Радиациялық және химиялық барлауға (байқауға) қатысу	сағат + 4.00	радиациялық және химиялық барлау
13	Басқа өңірлердің авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының орнын ауыстыру	сағат + 48.00	төтенше жағдай аймағына орын ауыстыру
14	Төтенше жағдай салдарын жоюға волонтерлер мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарту	қажет болған жағдайда	қажет болған жағдайда
15	Шектес мемлекеттерді қалыптасқан жағдай туралы хабардар ету	қажет болған жағдайда	ақпарат
16	Мемлекеттік материалдық резервтің және ТЖМ жедел резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару	қажет болған жағдайда	ТЖМ бұйрығы
17	СІМ-ге шет елдердің және халықаралық ұйымдардың гуманитарлық және өзге де көмек көрсетуі туралы ұсыныстар енгізу	қажет болған жағдайда	СІМ-ге сұраныс жіберу
18	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын дайындау	қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

19	Қазақстан Республикасының Президентіне төтенше жағдай енгізу туралы ұсыныс енгізу	қажет болған жағдайда	ұсыным
Жергілікті атқарушы органдар (төтенше жағдай орын алған аумақтарда)			
1	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	сағат + 0.30	адамдарды, жануарларды және мүлікті құтқару, эвакуациялау
2	Қалыптасқан жағдай туралы және іс-қимыл тәртібі туралы халықты құлақтандыру мен хабардар етуді ұйымдастыру	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
3	Жедел штаб пен қауырт желі телефонының жұмысын ұйымдастыру	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	жедел штаб пен қауырт желі телефонының жұмысы
4	Мыналарды: төтенше жағдайлардың ауқымын, залалдың алдын ала есеп-қисабын, зардап шеккендердің (қаза тапқандардың), төтенше жағдайды жоюға жұмылдырылған күштер мен құралдардың санын; төтенше жағдайдың өрбу сипатын, халық үшін қауіптілік дәрежесін, қауіпті аймақтардың шекараларын және олардың таралу болжамын; авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстардың түрлерін, көлемі мен шарттарын; авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін күштер мен құралдардың қажеттігін; күштер мен құралдардың санын, жинақталуын, қамтамасыз етілуін, іс-қимылдарға әзірлігін, оларды төтенше жағдай аймағына кіргізудің реттілігін нақтылау	сағат + 1.00	ТЖМ-ға ақпарат

5	ТЖМ-ға жаһандық (өңірлік) ауқымдағы төтенше жағдай жариялау туралы ұсыныс енгізу	сағат + 1.00	ТЖМ-ға ұсыныстар
6	РЖШ жұмысына қатысу	өрістетілген сәттен бастап	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
7	Зардап шеккендерге медициналық және психологиялық көмек көрсету	сағат + 2.00	зардап шеккен халықтың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру
8	Төтенше жағдай жоюға аумақтық құралымдар мен ұйымдардың күштері мен құралдарын тарту	сағат + 2.00	күштер мен құралдарды тарту
9	Төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысу	сағат + 2.00	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
10	Қалыптасқан жағдайды уақтылы әрі дұрыс жария ету бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын үйлестіру	сағат + 2.00	бұқаралық ақпарат құралдарын үйлестіру
11	Төтенше жағдай аймағында инфекциялық және паразиттік ауруларға байланысты санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу	сағат + 2.00	халық арасында инфекциялық, паразиттік аурулар, улану ошақтарын оқшаулау және жою
12	Төтенше жағдай аймағында ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	сағат + 2.00	жануарлар ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау
13	Халықтың тыныс-тіршілігі үшін жағдай жасай отырып, зардап шеккендерді уақытша орналастыру пункттерін өрістетуге және олардың жұмысын ұйымдастыру	сағат + 2.00	өрістетілген уақытша орналастыру пункті
14	Халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды эвакуациялауды жүргізу	сағат + 2.00	эвакуациялық іс-шаралар

15	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысатын күштер мен құралдарды жанар-жағармай материалдарымен, тамақпен қамтамасыз ету	сағат + 2.00	тамақпен және ЖЖМ-мен қамтамасыз ету
16	Халықты азық-түлікпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз ету	сағат + 2.00	азық-түлікпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз ету
17	Халықтың тыныс-тіршілігінің жүйесіне кіретін объектілерді іркілссіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге қатысу	сағат + 3.00	Халықтың тыныс-тіршілігінің жүйесіне кіретін объектілерді іркілссіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге қатысу
18	Халықтың тыныс-тіршілігінің жүйесіне кіретін объектілерді іркілссіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге қатысу	сағат + 3.00	сауда қызметін реттеу
19	Химиялық, радиациялық және өрт қауіпті объектілерде, сондай-ақ су айдындары мен бөгеттерде авариялардан болатын залалға жол бермеу және оны азайту бойынша іс-шаралар жүргізу	сағат + 4.00	қауіпті объектілерде алдын алу іс-шаралары
20	Мемлекеттік материалдық резервтің және ТЖМ жедел резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару үшін өтінішхат енгізу	қажет болған жағдайда	ТЖМ-ға өтінішхат
21	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу туралы ұсыныс енгізу	қажет болған жағдайда	ТЖМ-ға өтінішхат
22	Төтенше жағдай енгізу туралы ұсыныс енгізу	қажет болған жағдайда	ТЖМ-ға ұсыныс

23	Төтенше жағдай салдарын жоюға волонтерлерді, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тартуды ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	волонтерлердің және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарту
24	Гуманитарлық көмекті қабылдау және бөлу пункттерін ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	қабылдау пункттерін өрістету
25	Орны толмайтын шығындарды көму орындарын дайындау	қажет болған жағдайда	көму орындарымен қамтамасыз ету
Жергілікті атқарушы органдар (төтенше жағдай аймағынан тыс)			
1	Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің күштері мен құралдарын жоғары әзірлік режиміне ауыстыру, оның ішінде: төтенше жағдай аймағына жіберілетін күштер мен құралдарды нақтылау; күштер мен құралдарды жеткізу үшін қажетті көліктің саны мен түрін нақтылау	сағат + 1.30	РЖШ-ға ақпарат
2	Жедел топтарды құру және олардың көзделген аудандарға шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
3	Эвакуацияланатын халықты уақытша орналастыру пункттерін дайындау және оларда тыныс-тіршілікті ұйымдастыру	сағат + 24.00	уақытша эвакуация пункттерін өрістету
4	Ең қажетті заттарды, заттай мүлікті, дәрі-дәрмекті, медициналық бұйымдар мен азық-түлікті төтенше жағдай аймағына жеткізуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	ең қажетті заттарды, заттай мүлікті, дәрі-дәрмекті, медициналық бұйымдар мен азық-түлікті жеткізу
5	Гуманитарлық көмекті қабылдау және жөнелту пункттерін ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	қабылдау пункттерін өрістету
Ішкі істер министрлігі – қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі			
1	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысу	сағат + 0.30	адамдарды құтқару, эвакуациялау

2	<p>Төтенше жағдай аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде:</p> <p>төтенше жағдай аудандарын, зақымдану ошақтарын қоршауға қатысу;</p> <p>азаматтарды уақытша орналастыру, жылыту, тамақтандыру және киім-кешек заттары пункттерін күзету;</p> <p>коменданттық қызметті ұйымдастыру мен атқаруға қатысу;</p> <p>жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;</p> <p>рұқсаттама жүйесінің объектілерінде қару-жарақтың,</p> <p>оқ-дәрінің, күшті әсер ететін улы заттардың сақталуын қамтамасыз ету;</p> <p>режимдік объектілер мен мемлекеттік күзетілетін объектілерді күзетуді күшейту</p>		қоғамдық тәртіпті қорғау
3	<p>Арнайы автомобильдердің сирена-дауыс зорайтқыш құрылғыларын пайдалану арқылы халықты құлақтандыру мен хабардар етуге қатысу</p>	сағат + 1.00	арнайы автомобильдердің қажетті санын бөлу
4	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
5	<p>Эвакуацияланған халықты уақытша орналастыру пункттерінде тіркеуді қамтамасыз ету үшін бастапқы деректерді дайындау, эвакуациялау кезінде жоғалған адамдардың тізімін жасау, халық арасындағы шығын есебін ұйымдастыру және жүргізу</p>	сағат + 1.00	тізімдер жасау
6	<p>Төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысу</p>	сағат +2.00	қажетті күштер мен құралдарды бөлу

7	Эвакуацияланатын халық легін орналастыру пункттеріне және келіп жатқан күштер мен құралдарды төтенше жағдай аймағына алып жүру	сағат +3.00	колонналарды алып жүру үшін күштер мен құралдардың қажетті санын бөлу
8	Келуді және кетуді шектеу үшін қосымша бақылау-өткізу пункттерін қою, сондай-ақ төтенше жағдай аймағына кезектен тыс өту үшін көлік құралдарын арнайы рұқсаттамалармен қамтамасыз ету	қажет болған жағдайда	бақылау-өткізу пункттерін өрістету
9	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдайлар ауданына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
10	Төтенше жағдай аймағында қалатын бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды эвакуациялауды ұйымдастыру	сағат +4.00	бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды эвакуациялау
Денсаулық сақтау министрлігі – медициналық қызмет			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Зардап шеккендерге медициналық және психологиялық көмек ұйымдастыру	сағат + 4.00	зардап шеккен халықтың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру
3	Төтенше жағдай аудандарында және зардап шеккен халықты уақытша орналастыру орындарында эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық іс-шаралар кешенін жүргізу	сағат + 1.00	эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық бақылауды ұйымдастыру
4	Төтенше жағдай ауданындағы денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың қорын құру	сағат + 2.00	дәрілік заттардың қажетті қоры

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі

5	Зардап шеккен халық үшін кереует-орындардың қажетті санын дайындау	сағат + 24.00	кереует-орындарды әзірлеу
6	Зардап шеккен халықты медициналық эвакуациялау және төтенше жағдай аймағына қажетті дәрі-дәрмек жеткізу үшін медициналық авиация күштері мен құралдарын тарту	сағат + 2.00	медициналық эвакуация, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды жеткізу
7	Медициналық топтар құру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	сағат + 24.00
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі – ақпарат қызметі			
1	Қалыптасқан жағдай туралы халықты құлақтандыру мен хабардар етуге қатысу	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
2	Төтенше жағдайларды жою орындарынан репортаждар ұйымдастыру	сағат + 1.00	БАҚ-та ресми хабарламаларды жариялау және ілгерілету
3	Іздестіріліп жатқан адамдар туралы тізімдер мен ақпараттық материалдарды жариялауға жәрдем көрсету	сағат + 24.00	іздестіріліп жатқан адамдар туралы ақпаратты БАҚ пен әлеуметтік желілерде жариялау
4	Шет елдерден келген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін аккредиттеуді ұйымдастыру, оларға мүмкіндігінше техникалық көмек көрсету, жедел ақпаратпен және баспасөз релиздерімен қамтамасыз ету	сағат + 24.00	шет елдерден келген БАҚ өкілдерін аккредиттеу
5	Баспасөз конференцияларын, брифингтер мен консультациялар ұйымдастыру	сағат + 3.00	баспасөз конференциясы, брифинг
6	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі

7	Волонтерлерді, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін төтенше жағдай салдарын жоюға тарту жөніндегі іс-шараларға қатысу	қажет болған жағдайда	волонтерлердің, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуы
8	Жедел топтарды құру және олардың көзделген аудандарға шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Ауыл шаруашылығы министрлігі – жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Ауыл шаруашылығы жануарлары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қауіпсіз жерлерге айдауды (әкетуді) ұйымдастыру	сағат + 24.00	қауіпсіз жерлерге айдау (әкету)
3	Зақым келген (ауру жұқтырған) жануарларды мәжбүрлі союды ұйымдастыру және оларды көму	қажет болған жағдайда	ауырған (зақымданған) жануарларды жою
4	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Сауда және интеграция министрлігі — сауда қызметі			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Төтенше жағдай кезіндегі сауда қызметін үйлестіру	сағат + 3.00	сауда қызметін реттеу
3	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі — химиялық қорғау қызметі, көлік қызметі, жолдар мен көпірлер қызметі, инженерлік қызмет			

1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Төтенше жағдай аймағындағы автомобиль жолдарының жай-күйіне барлауды ұйымдастыру және жүргізу	сағат + 24.00	барлауды ұйымдастыру және жүргізу
3	Төтенше жағдайлар кезінде көлік коммуникацияларындағы зақымдарды жою	сағат + 24.00	зақымдануды жою
4	Күштер мен құралдардың авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізілетін объектілерге, зардап шеккендерді және материалдық құралдарды эвакуациялауға шығарылуы мен кіруі үшін колонна жолдарын жабдықтау және өту жолдарын (өткелдер) орнату	қажет болған жағдайда	авариялық-құтқару жұмыстар мен шұғыл жұмыстарды жүргізілетін объектілерге өтуге қолжетімділік
5	Төтенше жағдайларда жол саласы объектілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету	сағат + 3.00	жол саласы объектілерінің тұрақты жұмысы
6	Төтенше жағдай аймағында химиялық барлау жүргізу, оның ішінде: төтенше жағдайлар аймақтарындағы ықтимал химиялық инфекция ошақтарының жағдайын болжау және бағалау; республикалық байқау және зертханалық бақылау желісі мекемелерінен күшті әсер ететін улы заттармен химиялық зақымдану туралы ақпарат алу және жинақтау	сағат + 2.00	химиялық барлау жүргізу
7	Зардап шеккен халықты, күштер мен құралдарды тасымалдау үшін теміржол, теңіз, өзен, әуе және автомобиль көлігін бөлуді қамтамасыз ету	сағат + 3.00	зардап шеккен халықты және тартылатын күштер мен құралдарды тасымалдау

8	Қосалқы бөлшектердің, жанар-жағармай материалдарының резервін құру	сағат + 2.00	ЖЖМ және қосалқы бөлшектер резерві
9	Қозғалыс бағдарларында көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	көлік құралдарының іркіліссіз жұмыс істеуі
10	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін инженерлік техникамен жан-жақты қамтамасыз ету	сағат + 2.00	техниканың қажетті мөлшерімен қамтамасыз ету
11	Су құбыры-кәріз желілерін қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу	сағат + 4.00	қалпына келтірілген су құбыры-кәріз желілері
12	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Энергетика министрлігі — энергетика қызметі, радиациялық қорғау қызметі, жанар-жағармай материалдары қызметі			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету және оларды төтенше жағдай аймағына жеткізу	сағат + 3.00	сағат + 3.00

3	Төтенше жағдайлар кезінде тұтынушыларды, ұйымдар мен халықты іркіліссіз энергиямен жабдықтау бойынша энергетикалық жүйелер, желілік кәсіпорындар мен энергетика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне кіретін аса маңызды объектілер мен жауапты тұтынушыларды іркіліссіз электрмен жабдықтауды ұйымдастыру	сағат + 3.00	адамдардың өмірін сақтау және денсаулығын қолдау сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау
4	Энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілерін ерекше жұмыс режиміне көшіру	қажет болған жағдайда	энергетика жүйелері мен объектілерінің ерекше жұмыс режимінде жұмыс істеуі
5	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Экология және табиғи ресурстар министрлігі — ұлттық гидрометеорологиялық қызмет			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Төтенше жағдайларға байланысты радиоактивті және химиялық ластануды жедел бақылауды жүргізу және өлшеуді жүзеге асыру	сағат + 2.00	өлшеу нәтижелері
3	Қоршаған табиғи ортаның ластану, су деңгейінің көтерілу деңгейлері, қауіпті құбылыстар және стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстар туралы деректерді азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарына ұсыну	төтенше жағдай кезеңінде үнемі	азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін басқару органдарына ақпарат беру

4	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі — байланыс қызметі			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Халықты қалыптасқан жағдай туралы құлақтандыру мен хабардар етуге қатысу	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
3	Эвакуацияланған халық үшін мобильді ХҚКО жұмысын ұйымдастыру	сағат +12.00	мобильді ХҚКО өрістетуге
4	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
Әділет министрлігі			
1	Орны толмайтын шығындарға сот-медициналық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету	қажет болған жағдайда	орны толмас шығындарды сәйкестендіру
Сыртқы істер министрлігі			
1	Шектес мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды қалыптасқан жағдай туралы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	ақпарат
2	Қажетті гуманитарлық және өзге де көмек көрсету туралы шет елдерге және халықаралық ұйымдарға сауал дайындау	қажет болған жағдайда	сауал жіберу
3	Басқа мемлекеттердің зардап шеккен (қаза тапқан) азаматтарының тізімін қалыптастыру	қажет болған жағдайда	тізім
Қаржы министрлігі			

1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу	қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу
Қорғаныс министрлігі			
1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысу	сағат + 24.00	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
3	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
4	Төтенше жағдай аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу

Жойқын жер сілкінісі кезінде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарына қосымша

Қазақстан Республикасындағы жойқын жер сілкінісінің салдарын жою үшін тартылатын күштер мен құралдардың есебі

№	Бөлімшенің атауы	Саны		
		жеке құрам (адам)	техника (бірлік)	
			авто-мобиль көлігі	темір жол көлігі
БАРЛЫҒЫ:		3 487	762	
ЭШЕЛОНДАР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ:		14 746	2 582	2
ЖИЫНЫ		278 878	48 715	55

Ескертпелер:

РЖШ-ның құрамына төтенше жағдайларды жоюға жауапты ұйымдардың өкілдері кіргізілуі мүмкін (қажет болған жағдайда);

орталық атқарушы органдар жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі ведомстволық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу мен бекітуді осы жоспарды ескере отырып және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген құрылымға сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұйымдастырады;

сағат + – төтенше жағдайдың туындағаны туралы сигнал түскен уақыт;

+0.30; +1.00 – іс-шараларды орындаудың шекті уақыты, мұнда нүктеге дейін сағат, нүктеден кейін минуттар көрсетіледі;

аббревиатуралардың толық жазылуы:

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

ВАМК – Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою

жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия;

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары;

РЖШ – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі республикалық жедел штаб;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТВ – телевизия;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ХҚҚО – халыққа қызмет көрсету орталығы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2023 жылғы 14 шілдедегі

№ 565 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2017 жылғы 16 тамыздағы

№ 486 қаулысына

2-қосымша

Табиғи өрт шыққан кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары

Р/с №	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Аяқтау нысаны
1	2	3	4
Төтенше жағдайлар министрлігі – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган			
1	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	сағат + 0.30	адамдарды құтқару, эвакуациялау

2	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Үкіметінің Аппаратын, мемлекеттік органдарды төтенше жағдайдың туындау фактісі бойынша хабардар ету Қауіпсіздік Кеңесін және мүдделі	дереу	ақпаратты жеткізу
3	Халықты, азаматтық қорғаудың басқару органдарын қалыптасқан жағдай туралы құлақтандыруды және хабардар етуді қамтамасыз ету	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
4	РЖШ өрістетуді және қауырт желі телефонның жұмысын ұйымдастыру	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ және қауырт желі телефонның жедел жұмыс істеуі
5	Төтенше жағдайдың ықтимал өрбуіне бағалау жүргізу, ахуал туралы деректерді жинақтау	сағат + 2.00	талдау материалдарын дайындау
6	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру	сағат + 1.30	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
7	Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомстваралық мемлекеттік комиссияның отырысын өткізу	сағат + 2.00	ВАМК отырысының хаттамасы
8	Жаһандық (өңірлік) ауқымдағы төтенше жағдай жариялау және төтенше жағдайды жою жетекшісін тағайындау туралы өкімнің жобасын дайындау	сағат + 2.00	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі
9	Далалық мобильді госпитальдарды өрістету және зардап шеккендерге шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету	сағат + 2.00	зардап шеккен халықтың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру
10	Эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру	сағат + 2.00	халықты эвакуациялау

11	Өрт сөндіруді ұйымдастыру	сағат + 2.00	өртті сөндіру
12	Өрт қауіпті объектілерден келетін залалға жол бермеу және оны азайту жөніндегі іс-шараларға қатысу	сағат + 4.00	қауіпті объектілердегі алдын алу іс-шаралары
13	Басқа өңірлердің авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының орнын ауыстыру	сағат + 48.00	төтенше жағдай аймағына орын ауыстыру
14	Төтенше жағдай салдарын жоюға волонтерлер мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарту	қажет болған жағдайда	қажет болған жағдайда
15	Шектес мемлекеттерді қалыптасқан жағдай туралы хабардар ету	қажет болған жағдайда	ақпарат
16	Мемлекеттік материалдық резервтің және ТЖМ жедел резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару	қажет болған жағдайда	ТЖМ бұйрығы
17	СІМ-ге шет елдердің және халықаралық ұйымдардың гуманитарлық және өзге де көмек көрсетуі туралы ұсыныстар енгізу	қажет болған жағдайда	СІМ-ге сұраныс жіберу
18	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын дайындау	қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы
19	Қазақстан Республикасының Президентіне төтенше жағдай енгізу туралы ұсыныс енгізу	қажет болған жағдайда	ұсыным
Жергілікті атқарушы органдар (төтенше жағдай орын алған аумақтарда)			
1	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру	сағат + 0.30	адамдарды, жануарларды және мүлікті құтқару, эвакуациялау
2	Қалыптасқан жағдай туралы және іс-қимыл тәртібі туралы халықты құлақтандыру мен хабардар етуді ұйымдастыру	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу

3	Жедел штаб пен қауырт желі телефонының жұмысын ұйымдастыру	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	жедел штаб пен қауырт желі телефонының жұмысы
4	Мыналарды: төтенше жағдайлардың ауқымын, залалдың алдын ала есеп-қисабын, зардап шеккендердің (қаза тапқандардың), төтенше жағдайды жоюға жұмылдырылған күштер мен құралдардың санын; төтенше жағдайдың өрбу сипатын, халық үшін қауіптілік дәрежесін, қауіпті аймақтардың шекараларын және олардың таралу болжамын; авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстардың түрлерін, көлемі мен шарттарын; авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін күштер мен құралдардың қажеттігін; күштер мен құралдардың санын, жинақталуын, қамтамасыз етілуін, іс-қимылдарға әзірлігін, оларды төтенше жағдай аймағына кіргізудің реттілігін нақтылау	сағат + 1.00	ТЖМ-ға ақпарат
5	ТЖМ-ға жаһандық (өңірлік) ауқымдағы төтенше жағдай жариялау туралы ұсыныс енгізу	сағат + 1.00	ТЖМ-ға ұсыныстар
6	РЖШ жұмысына қатысу	өрістетілген сәттен бастап	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
7	Зардап шеккендерге медициналық және психологиялық көмек көрсету	сағат + 2.00	зардап шеккен халықтың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру

8	Төтенше жағдай жоюға аумақтық құралымдар мен ұйымдардың күштері мен құралдарын тарту	сағат + 2.00	күштер мен құралдарды тарту
9	Төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысу	сағат + 2.00	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
10	Қалыптасқан жағдайды уақтылы әрі дұрыс жария ету бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын үйлестіру	сағат + 2.00	бұқаралық ақпарат құралдарын үйлестіру
11	Халықтың тыныс-тіршілігі үшін жағдай жасай отырып, зардап шеккендерді уақытша орналастыру пункттерін өрістету және олардың жұмысын ұйымдастыру	сағат + 2.00	өрістетілген уақытша орналастыру пункті
12	Халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды эвакуациялауды жүргізу	сағат + 2.00	эвакуациялық іс-шаралар
13	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысатын күштер мен құралдарды жанар-жағармай материалдарымен, тамақпен қамтамасыз ету	сағат + 2.00	тамақпен және ЖЖМ-мен қамтамасыз ету
14	Халықты азық-түлікпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз ету	сағат + 2.00	азық-түлікпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз ету
15	СИМ үйлестіруімен төтенше жағдайды жою кезеңінде сауда қызметін реттеуді жүзеге асыру	сағат + 3.00	сауда қызметін реттеу
16	Химиялық, радиациялық және өрт қауіпті объектілерде, сондай-ақ су айдындары мен бөгеттерде авариялардан болатын залалға жол бермеу және оны азайту бойынша іс-шаралар жүргізу	сағат + 4.00	қауіпті объектілерде алдын алу іс-шаралары
17	Мемлекеттік материалдық резервтің және ТЖМ жедел резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару үшін өтінішхат енгізу	қажет болған жағдайда	ТЖМ-ға өтінішхат

18	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу туралы ұсыныс енгізу	қажет болған жағдайда	ТЖМ-ға өтінішхат
19	Төтенше жағдай салдарын жоюға волонтерлерді, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тартуды ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	волонтерлердің және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарту
20	Гуманитарлық көмекті қабылдау және бөлу пункттерін ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	қабылдау пункттерін өрістету
21	Орны толмайтын шығындарды көму орындарын дайындау	қажет болған жағдайда	көму орындарымен қамтамасыз ету

Жергілікті атқарушы органдар
(төтенше жағдай аймағынан тыс)

1	Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің күштері мен құралдарын жоғары әзірлік режиміне ауыстыру, оның ішінде: төтенше жағдай аймағына жіберілетін күштер мен құралдарды нақтылау; күштер мен құралдарды жеткізу үшін қажетті көліктің саны мен түрін нақтылау	сағат + 1.30	РЖШ-ға ақпарат
2	Жедел топтарды құру және олардың көзделген аудандарға шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
3	Эвакуацияланатын халықты уақытша орналастыру пункттерін дайындау және оларда тыныс-тіршілікті ұйымдастыру	сағат + 24.00	уақытша эвакуация пункттерін өрістету
4	Ең қажетті заттарды, заттай мүлікті, дәрі-дәрмекті, медициналық бұйымдар мен азық-түлікті төтенше жағдай аймағына жеткізуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	ең қажетті заттарды, заттай мүлікті, дәрі-дәрмекті, медициналық бұйымдар мен азық-түлікті жеткізу

5	Гуманитарлық көмекті қабылдау және жөнелту пункттерін ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	қабылдау пункттерін өрістету
Ішкі істер министрлігі – қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі			
1	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысу	сағат + 0.30	адамдарды құтқару, эвакуациялау
2	Төтенше жағдай аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде: төтенше жағдай аудандарын, зақымдану ошақтарын қоршауға қатысу; азаматтарды уақытша орналастыру, жылыту, тамақтандыру және киім-кешек заттары пункттерін күзету; коменданттық қызметті ұйымдастыру мен атқаруға қатысу; жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; рұқсаттама жүйесінің объектілерінде қару-жарақтың, оқ-дәрінің, күшті әсер ететін улы заттардың сақталуын қамтамасыз ету; режимдік объектілер мен мемлекеттік күзетілетін объектілерді күзетуді күшейту		қоғамдық тәртіпті қорғау
3	Арнайы автомобильдердің сирена-дауыс зорайтқыш құрылғыларын пайдалану арқылы халықты құлақтандыру мен хабардар етуге қатысу	сағат + 1.00	арнайы автомобильдердің қажетті санын бөлу
4	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі

5	Эвакуацияланған халықты уақытша орналастыру пункттерінде тіркеуді қамтамасыз ету үшін бастапқы деректерді дайындау, эвакуациялау кезінде жоғалған адамдардың тізімін жасау, халық арасындағы шығын есебін ұйымдастыру және жүргізу	сағат + 1.00	тізімдер жасау
2023 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 488 Бұйрығына
3 қосымша
Су айдындарындағы
қауіпсіздік қағидаларына
3 қосымша

№ _____ жағажайды зерттеу актісі

Біз жағажай акваториясының түбіне зерттеу жүргізген мекеменің
(ұйымның) өкілі, төменде қол қойдық

жергілікті атқарушы органның өкілі

уәкілетті органның аумақтық бөлімшенің өкілі

Бір жағынан, және су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы бұқаралық демалыс, туризм және спорт орнын ұйымдастырушының өкілі

екінші жағынан,

20__ жылғы «__» _____ жағажай зерттеу жүргізілді

(жағажайдың атауы)

су қоймасында орналасқан

(су қоймасының атауы)

Тереңдікті өлшейтін және шомылу кезінде қауіпті заттарды көрсететін жағажайдың жоспар – схемасын жасады.

Көлденең профиль бойынша түбінің тереңдігін өлшеді.

Жағажай акваториясының түбінен кедергілерді жойды / өткізбеді.

Жағажайдың сәйкестігін визуалды тексеруден өткізді/өткізбеді.

Тексеру кезінде мыналар анықталды:

1. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы жаппай демалыс орны

«_____» орналасқан мекен-жайы:

_____ және 20__ жылғы «__» _____

әкімдіктің № _____ қаулысымен белгіленген (көшірмесі қоса берілген).

2. Құтқару бекеті	– құрылды/жоқ.
3. Медициналық көмек көрсету пункті	– құрылды/жоқ.
4. Қорғау посты	– құрылды/жоқ.
5. Кезекші персонал	– жасақталған/жоқ.
6. Шомылуға арналған балалар жағажайы	– жабдықталған/жоқ.
7. Бақылау мұнарасы	– орнатылған/жоқ.
8. Ақпараттық стендтер	– орнатылған/жоқ.
9. Акватория учаскесінің шекаралары (буйки)	– белгіленген/жоқ.

10. Шағын кемелерді жалға беру пункттері	– орнатылған/жоқ.
11. Суға секіруге арналған орындар	– орнатылған/жоқ.
12. Құтқару құралдары бар қалқандар	– орнатылған/жоқ.
13. Қолда бар мүлік:	
1) моторлы қайық	– ____ дана бар/жоқ;
2) ескекті қайық	– ____ дана бар/жоқ;
3) тасымалданатын радиостанция	– ____ дана бар/жоқ;
4) құтқару шеңбері	– ____ дана бар/жоқ;
5) «Александровтың соңы»	– ____ дана бар/жоқ;
6) мүйіз түріндегі дауыс зорайтқыш	– ____ дана бар/жоқ;
7) мысықтармен трал	– ____ дана бар/жоқ;
8) сақтандырудың соңы	– ____ дана бар/жоқ;
9) құтқару кеудешесі (төсбелгі)	– ____ дана бар/жоқ;
10) құтқару бағоры, полюс	– ____ дана бар/жоқ;

Қорытындылар:

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалу, туризм және спорт орнының жұмыс істеуіне жол беріледі/ жол берілмейді (себебі).

Осы акт үш данада жасалды (1 – уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі, 2 – жергілікті атқарушы орган, 3-жағажайдың ұйымдастырушы) және жағажайдың жұмыс істеуіне рұқсат беретін/тыйым салатын құжат болып табылады.

Жағажай акваториясының түбіне зерттеу жүргізген мекеменің (ұйымның) өкілі

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, мөр орны (бар болса) жергілікті атқарушы органның өкілі

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, мөр орны (бар болса) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өкілі

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының жаппай демалу орындарын ұйымдастырушы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, мөр орны (бар болса)

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2023 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 488 Бұйрығына
4 қосымша
Су айдындарындағы
қауіпсіздік қағидаларына
4 қосымша

Су айдындарында жаппай іс-шара өткізу туралы хабарлама

1. Бұқаралық іс-шараның мақсаты

2. Бұқаралық іс-шара нысаны

3. Бұқаралық іс-шараны өткізу орны (орындары), қатысушылардың қозғалыс маршруттары, көлік (оның ішінде жүзу) құралдарын пайдаланған жағдайда оларды пайдалану туралы ақпарат

4. Бұқаралық іс-шараның басталу күні, уақыты

Бұқаралық іс-шараның аяқталу күні, уақыты

5. Бұқаралық іс-шараға қатысушылардың болжамды саны _____ адам

6. Ұйымдастырушының бұқаралық іс-шараны қамтамасыз ету нысандары мен әдістері:

1) көрермендер мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде қоғамдық құтқарушыларды даярлау жөніндегі курстардан өткені туралы анықтамасы бар қоғамдық құтқарушылардың саны)

2) қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету (полиция қызмет-

керлеріне қоғамдық

тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуде көмек көрсету үшін тартылатын жеке күзет

ұйымдары қызметкерлерінің, еріктілер мен бақылаушылардың саны (олар тартылған жағдайда)

3) медициналық көмекті ұйымдастыру

7. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушының (ұйымдастырушылардың) Тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса) не атауы, оның тұрғылықты немесе болған жері туралы не тұрған жері туралы мәліметтер және телефон нөмірі

8. Бұқаралық іс-шараны өткізу тәртібі, оның ішінде келушілерге, көрермендерге және бұқаралық іс-шараның өзге де қатысушыларына

9. Су объектісіндегі адамдардың қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс деректері

Қосымша:

(бұқаралық іс-шара өткізу объектісін пайдалануға құқықтардың бар екендігін растайтын құжаттар)

20__ жылғы «__» _____

(хабарламаның берілген күні) (бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушының (ұйымдастырушылар) қолы

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 5 шілдедегі
№ 492 бұйрығы*

Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу қағидаларын бекіту туралы

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі*

М. Карабаев

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 5 шілдедегі
№ 492 бұйрығына
қосымша

Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша мақсаттағы автомобиль – күзетілетін адамдарды тасымалдауға және (немесе) олармен бірге ілесіп жүруге арналған көлік құралы;

2) әскерлер колоннасы – көк түсті немесе көк және қызыл түсті жарқылдауық шамдары қосылып тұрған бас көлік құралының бастауымен фарасын үнемі қосып, бір қозғалыс жолағымен бірінің артынан бірі тікелей жүріп келе жатқан және әскери тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер және әскери құрылымдарының үш және одан көп механикалық көліктік құралдарының тобы;

3) жол – жайластырылған немесе ыңғайластырылған және көлік құралдарының жүруі үшін пайдаланылатын жердің барлық бөлінген жолағы не жасанды құрылыстың үсті (жол бір немесе бірнеше жүру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және олар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды);

4) жол жүрісі – жолдар шегінде көлік құралдары арқылы немесе оларсыз адамдардың және жүктердің орын ауыстыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы;

5) жол жүрісінің қауіпсіздігі – қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі;

6) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жол-көлік оқиғаларын, жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерін болғызбауға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға, сондай-ақ осындай зардаптарды жоюға бағытталған қызмет;

7) жол жүрісін ұйымдастыру – жол жүрісін басқару жөніндегі ұйымдық-құқықтық, нормативтік-әдістемелік, жобалау-іздігі, ұйымдық-техникалық, бақылау-қадағалау, өкімдік және басқа да іс-шаралар кешені;

8) жол жүрісіне қатысушы – жол жүрісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам;

9) жол иелері – жолдың меншік иелері болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында жолдарды басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

10) жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) – көлік құралының жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға;

11) көлік құралы – адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы.

3. Жолдарда немесе жекелеген жол учаскелерінде жол жүрісін уақытша шектеу немесе оған тыйым салу:

1) жол жүрісі қауіпсіздігіне, оның ішінде жеке адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына қатер төнген;

2) жолдардың сақталуына қатер төнген;

3) ЖКО;

4) атмосфералық ауа химиялық және өзге де заттар концентратта-

рының жол берілетін шекті нормативтерінен артық ластанған;

5) дүлей зілзалалар, қолайсыз жол-климат жағдайлары;

6) бұқаралық, спорттық және өзге де іс-шаралар өткізгенде көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз жүруі үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында не көлік құралдарын пайдалану жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндірген;

7) егер теміржол өтпелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай келмеген;

8) жолдарда жөндеу-құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізілген;

9) терроризмге қарсы операциялар және (немесе) күзет іс-шаралары жүргізілген;

10) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың зардаптарын болдырмау және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жүргізілген;

11) жолдардың конструктивтік элементтері жай-күйінің көрсеткіштері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық нормаларына сәйкес келмеген;

12) мыналар:

жолдардың нормативтік өткізу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында ақылы қолжетімділікті қамтамасыз ету;

белгіленген уақытта көлік құралдарының белгілі бір санаттарының кіруіне шектеу қою немесе тыйым салу;

жүк және транзиттік көлік құралдарының жүруін шектеу арқылы нормативтен артық жүктеме болған;

13) мынадай:

айрықша мақсаттағы автомобильдермен ілесіп жүрген кезде;

ұйымдастырылған автобус колонналарының;

әскерлер колонналарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүргізілген жағдайларда енгізіледі.

2. Жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу тәртібі

4. Осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде жолдарда көлік құралдарының жүрісін уақытша тоқтату немесе оған уақытша шектеу енгізу туралы шешімді жол иелері

уәкілетті органдармен бірлесе отырып, өз құзыреті шегінде қабылдайды.

5. Жол иелері осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде бұл туралы жол жүрісіне қатысушыларға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлай отырып, жолдарда немесе жекелеген жол учаскелерінде жол жүрісін уақытша шектеу немесе тоқтату, оны ұйымдастыруды өзгерту жөнінде шұғыл шаралар қолданады.

6. Осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде жол иелері хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады, жолдарда бекеттерді ұйымдастыру мен белгілерді орнатуды жүргізетін жол жүрісі қатысушыларына және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне көлік құралдарының жүрісін уақытша тоқтату немесе оны шектеу туралы хабарлауды қамтамасыз етеді.

7. Осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 4), 5) және 11) тармақшаларында көзделген жағдайлар орын алған кезде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) жол иелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп жолдар немесе жолдардың жекелеген учаскелері бойынша көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу туралы шешім қабылдайды;

2) жол иелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп көлік құралдарының қозғалысын уақытша шектеудің салдарының алдын алу және оларды жою бойынша жедел шаралар қолдануы және көрсетуі үшін кейіннен ол қалпына келтіргенге немесе алып тастағанға дейін ақпарат бере отырып, автовокзалдардың, көлік ұйымдарының, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың көрші облыстардағы аумақтық бөлімшелерінің кезекші-диспетчерлік қызметтерін, шекаралас мемлекеттердің төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік органдарын хабардар етеді;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жол иелерімен бірлесіп, көлік құралдары мен адамдардың жолдың жабық бөлігіне жүріп өтуіне жол бермеу жөнінде шаралар

қабылдайды, сондай-ақ көлік құралдарының қауіпсіз және кедергісіз жүріп өтуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді;

4) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган көлік құралдарының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына, шаруашылық автомобиль жолдарына, сондай-ақ елді мекендердің көшелеріне шығуына жол бермеу мақсатында уақытша полиция бекеттерін қояды. Бұдан басқа жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның құқықтық актілеріне сәйкес республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында орналасқан жеріне сәйкес патрульдік полиция нарядтары қойылады;

5) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның заңды талаптарына бағынбау фактілері анықталған жағдайларда, көлік құралдарының жүргізушілеріне Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 667-бабына сәйкес шаралар қабылданады.

8. Осы Қағидалардың 3-тармағының 3), 7) тармақшаларында және 13) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарында көзделген жағдайлар орын алған кезде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) жол иелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, жолдар немесе жолдардың жекелеген учаскелері бойынша көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу туралы шешім қабылдайды;

2) жол иелері оқиға болған жерге жол, авариялық-құтқару, өрт сөндіру және медициналық қызметтердің, құқық қорғау мен арнайы мемлекеттік органдардың көлік құралдарының кедергісіз жүріп өтуін қамтамасыз етеді.

9. Осы Қағидалардың 3-тармағының 6) тармақшасында көзделген іс-шаралар өткізілген жағдайда мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) іс-шараларды өткізуге жауапты мемлекеттік орган іс-шара өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күні ішінде жол иелері мен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне хабарлайды;

2) жол иелері мен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері іс-шараларды өткізуге жауапты мемлекеттік орган іс-шараларды өткізу мерзімі мен тиісті

сызбаларды ұсынған кезде осы іс-шараларды жазбаша түрде келіседі.

10. Жол иелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде тиісті жол белгілерін орнатып және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ол туралы жергілікті атқарушы органдарды және автомобиль жолдарын пайдаланушыларды хабардар ету арқылы көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе жабу құқығына ие.

Осы Қағидалардың 3-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайлар орын алған кезде жол иелері уақытша айналма жол салу бойынша жұмыстар жүргізеді.

11. Осы Қағидалардың 3-тармағының 9) тармақшасында көзделген жағдай орын алған кезде көлік құралдарының жүрісін тоқтатуды немесе уақытша шектеуді терроризмге қарсы операцияларды және (немесе) қорғау іс-шараларын өткізу аймағында терроризмге қарсы операцияларға қатысушы лауазымды адамдар жүзеге асырады.

Айрықша мақсаттағы автомобильдердің қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ету мақсатында көлік құралдарының жүрісін тоқтатуды немесе уақытша шектеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғау қызметінің және ұлттық қауіпсіздік органдарының шешімі бойынша лауазымды адамдар жүзеге асырады.

Қорғау іс-шараларын жүргізу кезінде арнайы трассаларда және оларға іргелес аумақтар мен акваторияларда жөндеу, құрылыс, монтаж және өзге жұмыстардың барлық түрінің өндірісі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғау қызметінің келісімі бойынша жүзеге асырылады. Қорғау іс-шараларын жүргізу кезеңінде арнайы трассаларда жөндеу, құрылыс, монтаж және өзге жұмыстардың барлық түрі тоқтатылуы мүмкін.

Терроризмге қарсы операция жүргізілетін аймақта терроризмге қарсы операцияға қатысушы адамдар жеке адамдарды жергілікті жердің жекелеген учаскелерінен және объектілерден шығару, көлік құралдарының, оның ішінде дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің көлік құралдарының жол жүрісін, оларды сүйреп әкетуді қоса алғанда, уақытша шектеу немесе тыйым салу бойынша іс-шаралар өткізеді.

12. Осы Қағидалардың 3-тармағының 10) тармақшасында көзделген жағдай орын алған кезде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) жол иелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, жолдар немесе жолдардың жекелеген учаскелері бойынша көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу туралы шешім қабылдайды;

2) жол иелері және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері автовокзалдардың, көліктік ұйымдардың кезекші-диспетчерлік қызметтеріне, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның көрші облыстардағы аумақтық бөлімшелеріне және шекаралас мемлекеттердің төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік органдарға, оның салдарының алдын алу және оларды жою бойынша жедел шараларды қолдану және көмек көрсету үшін хабарлайды;

3) құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін жол иелері оқиға болған жерге жол, авариялық-құтқару, өрт сөндіру және медициналық қызметтердің көліктік құралдарының кедергісіз жүріп өтуін қамтамасыз етеді.

13. Осы Қағидалардың 3-тармағының 12) тармақшасында көзделген жағдай орын алған кезде жол иелері жолдар немесе жолдардың жекелеген учаскелері бойынша көлік құралдарының жүрісін уақытша шектеу туралы шешім қабылдайды және жол жүрісі қатысушыларына жол белгілерін орнату арқылы шектеу мерзімін көрсете отырып, хабарлауды қамтамасыз етеді.

14. Шекаралық кеңістік шегінде шекаралық іздеулерді және операцияларды, өзге де іздеу іс-қимылдарын жүргізу кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарында іс-шараларды өткізу уақытында бақылау бекеттерін орнатады.

15. Көлік құралдарының қозғалысын тоқтату немесе уақытша шектеу туралы ақпаратты жол жүрісіне қатысушыларға хабарлау "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерін-

де телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 763 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 11982 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

16. Осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген жағдайларды жою бойынша өткізілген іс-шаралардан және жойғаннан кейін жол иелері уәкілетті органдармен олардың құзыреті шегінде бірлесіп, көлік құралдарының жүрісін қалпына келтіру немесе уақытша шектеуді алып тастау туралы шешім қабылдайды.

«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»

5 жылдың жүзі болды біз журналымыздың «Сұрақтар мен жауаптар» атты айдарында журналдың оқырмандарының назарына азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған объектілерге тән семинар тыңдаушыларының азаматтық қорғаныс бойынша сұрақтарды ұсынып келеміз.

Журналдың 2023 жылғы № 4 санында семинар тыңдаушыларының сұрақтарын ұсынамыз. Сонымен бұл сұрақтардың сипаты мен мазмұны мынандай.

№1 сұрақ: «КазГПЗ» ЖШС директоры Байшуаков Болат Армиевичтан

Сұрақтың мазмұны: Сіздердің зертханада тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдарын сынау кезінде қандай әдістер қолданылады? Бұл әдістер қандай талаптарға сай болуы керек?

**Жауапты дайындаған
АҚҰО-ның «Азаматтық
қорғаныстың химиялық-радио-
метриялық зерттеулер
зертханасының» басшысы –
Габбасов К.Н.**



Жауаптың мазмұны: Сүзгілі және окшаулағыш азаматтық газқағарлар, газқағарлар сүзгілері, респираторлар, жалпы әскери қорғаныс жиынтықтары, балаларды қорғау камералары түріндегі жеке қорғаныс құралдарын сынау тікелей өлшеу әдістерімен және бұзушы әдіспен жүргізіледі. Бұл әдістер мынадай нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді: «Азаматтық қорғаныс саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ «Азаматтық қорғаныстың тыныс алу мүшелері мен теріні жеке қорғау құралдарын зертханалық сынау жөніндегі басшылық», «Жеке қорғаныс құралдарының қауіпсіздігі туралы» КО ТР 019/2011 Кеден одағының техникалық регламенті, «Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары» атты зертханалық сынақтар жөніндегі нұсқаулықтар, МемСТ 12.4.235-2012, МемСТ 12.4.235-2019.

Тікелей өлшеу әдісі - шаманың қажетті мәні тікелей өлшеу құралынан алынады, эксперименттік салыстыру арқылы тәжірибелік мәліметтерден шығарылады. Бұл әдіс құрылғының көрсеткіштері бойынша қажетті шаманың мәнін немесе одан ауытқуды тікелей бағалаумен сипатталады.

Бұл әдістің артықшылығы практикалық қолдану үшін таптырмас өлшеу жылдамдығында, ал кемшілігі - дәлдіктің шектеулігінде. Тікелей бағалау әдісі кезінде мынадай өлшеу құралдары қолданылады: көрсеткіш, интегралдағыш есептегіш құралдар, өзі жазғыш құралдар.

Деструктивті әдіс деп бұл бақылау объектісінің немесе ол жасалған материалдың параметрлері мен қасиеттерінің белгілі талаптарға сәйкестігін тексеру деп түсіну керек. Бұл тексеру кезінде оның пайдалану қасиеттері бұзылуы мүмкін. Осындай сынақтарда көбінесе материалдың бұзылуына әкелетін әсерлер болғандағы материалдың мінез-құлқы анықталады. Зерттелетін материалдың сандық сипаттамаларын алуға мүмкіндік болуы сынақтың бұл түрінің артықшылығына жатады. Деструктивті бақылау өнімнің жекелеген үлгілерін іріктеп сынау үшін қолданылады, олардың нәтижелері бойынша статистикалық өңдеудің көмегімен өнімнің сапасы туралы қорытынды жасалады. Зертханада механикалық статикалық сынақтар жиі қолданылады, яғни зерттелетін материал бір рет баяу өсетін немесе тұрақты жүктемеге (созылу, қысу, иілу, бұралу) ұшырайды. Сынақтың бұл түрі оның беріктігі мен пластикалық қасиеттерін сипаттайтын материалдың көптеген параметрлерін бағалауға мүмкіндік береді. Барлық тексерулер азаматтық қорғаныстың химиялық-радиометриялық зерттеулер зертханасының бастығы мен бас ғылыми қызметкерінің бақылауымен жүргізіледі. Сынаққа ұсынылған үлгілердің рөлінде әр партиядан 1 немесе бірнеше өнім қабылданады. Мысалы, әр 1000 данадан тұратын партиядың 1 данасы ғана.

«Жеке қорғаныс құралдарының қауіпсіздігі туралы» КО ТР 019/2011 Кеден одағының техникалық регламенті 2012 жылдың 1 маусымында күшіне енген. Техникалық регламент 2010 жылғы 18 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасы, Беларусь республикасы, Ресей Федерациясы арасында Техникалық реттеудің бірегей ұстанымдары мен ережелері туралы келісімге сәйкес құрастырылған. Регламент мақсаты: Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында жеке қорғану құралдарына, кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында айналымға шығарылатын жеке қорғану құралдарының еркін қозғалысын қамтамасыз етуге қолданылатын және орындалатын бірыңғай міндетті талаптарды белгілеу. Сынақ нәтижелері бойынша сәйкестендірілетін жеке қорғаныс құралы таңбалауда көрсетілген ақпаратқа сәйкес келуі тиіс. Сәйкестігі осы Техникалық регламенттің талаптарымен расталмаған жеке қорғану құралдары мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналысының бірыңғай белгісімен таңбаланбауға және нарықта айналысқа шығаруға жол берілмеуге тиіс. Сынаққа берілген жеке қорғану құралдарының үлгілері осы

нормативтік құжаттың «4-тармақ. Қауіпсіздік талаптары» талаптарына толық сәйкес келуге тиіс.

МемСТ 12.4.235-2019 (EN 14387:2004+A1:2008) «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тыныс алу мүшелерінің жеке қорғану құралдары. Газқағар сүзгілері және аралас сүзгілер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ тәсілдері. Таңбалау». Енгізілу күні 01.09.2020. Осы стандарт жеке тыныс алу мүшелерін қорғайтын құралдардың сүзгілі бөліктерінде қолдануға арналған газқағар сүзгілері және аралас сүзгілерге таралады. Жалпы техникалық талаптарды, сынақ тәсілдерін, олардың таңбалануына деген талаптарды тағайындайды.

«Азаматтық қорғаныстың тыныс алу мүшелері мен теріні жеке қорғау құралдарын зертханалық сынау жөніндегі басшылық» «Азаматтық қорғаныс саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ қызметкерлерімен құрастырылған.

№2 сұрақ: ҚР ИМ Маңғыстау обл. ПД АЖДБ дағдарысқа қарсы әрекет ету тобының инспекторы Батырбаев Расул Амангелдіұлынан

Сұрақтың мазмұны: Азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды тіркеу қажет пе? Тиісті құжаттар әзірленді ме?

**Жауапты дайындаған «АҚ ҰО»
оқытушы Есболов Ж.Е.**



Жауаптың мазмұны:

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Кәсіпкерлік кодексінің 3-бөлімінің 13-тарауының 2-тармағының 144-1-бабының 3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес мынадай шарттардың барлығы сақтала отырып жүзеге асырылады:

1) бақылау және қадағалау органдарының бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) баруына тыйым салынады;

2) құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеу әрі бақылау мен қадағалау субъектісін алдын ала хабардар ету талап етілмейді;

3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша, бұзушылық болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, бірақ бақылау мен қадағалау субъектісіне оны жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және басқалар) жасалады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттың 4-тармағына сәйкес бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды талдау нәтижелері бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу үшін бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге негіз болып табылады.

Осылайша, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті) тіркелу талап етілмейді. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және т.б.) рәсімделеді.

БІЗДІҢ ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫҢ ШІКІРЛЕРІ

*Ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор Департаменттің арнайы және жұмылдыру дайындығы басқармасы Қостанай облысының полиция подполковнигі **Набиев Ренат Рафикович**тан*



Департамент полиции
Костанайской области

Құрметті әріптестер!

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында мен Алматы қаласына бардым "Ұлттық ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту орталығы Төтенше жағдайлар министрлігінің" Азаматтық қорғау саласындағы

Қазақстан Республикасының Мен біліктілікті арттыру курстарынан өттім азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі мамандар. Оқудың алғашқы күндерінен бастап аудиториядағы атмосфера жұмыс болды.

Біріншіден, әр түрлі мемлекеттік қызметкерлер қатысты әр түрлі дәрежелі мекемелер. Екіншіден, біздің оқытушылар үнін қойды, әр сабақта бізге алынған білімнің не екенін түсіндірді жұмыста және күнделікті іс-әрекетте қажет.

Алғашқы минуттардан бастап біз өзіміз үшін жаңа терминдерді түсінуге тырыстық, азаматтық қорғау саласындағы ұғымдар, өзекті мәселелер мен проблемалар, біз өз жұмысымызда кездесеміз. Әр сабақта жеткізілді басшылыққа алынуы қажет нормативтік-құқықтық актілер және оларды анық білу. Дәріс сабақтарының тақырыптары (Және шамамен 30 болды) біздің барлық өзекті қырларымызға әсер ететін әр түрлі кәсіби қызмет.

Міне, бізге барлық мейірімді оқытушы келді басшының орынбасары бастаған ұлттық орталықтың құрамы полковник Еркебаев Бейбіт Көбейсінулы. Олар тырысты барлығын қол жетімді түрде түсіндіріп, қажетті ма-

териалдарды ұсыныңыз алған білімдерін көрнекі бекіту.

Айта кету керек, оқу аудиториялары, тіпті олардың қабырғалары бізге көмек көрсетті. Барлық кабинеттер қажетті жабдықталған әдебиет, заманауи оқыту құралдары, көрнекі командалық өткізу кезінде бізге көп көмектесті-штабтық оқу-жаттығу.

Соңында, курстарды аяқтау туралы сертификаттар алған кезде, біз бізге осының бәрін бергені үшін ұжымға алғыстарын білдірді, олар қажет деп санады. Біз оларды көргенде олармен өте дос болдық қандай да бір регалия мен лауазымға қарамастан, бізге қамқорлық жасау.

Мен әрқашан өткізген уақытымды жылы еске аламын Ұлттық орталықта оқытушыларды еске алып, 3 жыл ішінде олардың атмосферасына жаңаларын алу үшін қайта кіріңіз біздің өмірімізде қажет білім.

Ғасыр өмір сүріңіз-ғасыр үйреніңіз!

«Восход-Oriol» ЖШС бас директоры Чакмак Али Эрджаннан



Ең алдымен азаматтық қорғаныс туралы аздап айтқым келеді. Мұны бейбіт уақытта да, соғыс кезінде де ескеру өте маңызды. Азаматтық қорғаныстың мақсаты – шығынды азайту, адамдарды қорғау және келеңсіз зардаптардың алдын алу. Ал бұл, әрине, ерекше дайындықты қажет етеді. Төтенше жағдайлармен күресу және оның зардаптарын жою үшін табиғи апаттар кезінде тек адамдар ғана емес, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар да дайын болуы керек. Сіздердің «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту Ұлттық орталығы» АҚ мемлекеттік қызметкерлерді төтенше жағдайға дайындауда маңызы зор.

Біздің азаматтық қорғаныс бойынша 40 сағаттан тұратын 5 күндік семинар сабағына қатыстық. Маған ұнағаны – оқытушылар құрамының, бейіндік сыныптардың және жалпы орталықтың дайындығы өте жоғары болды. Тренинг өте жақсы жоспарланған. Мен әлемнің әртүрлі елдерінде осындай семинарлар мен тренингтерге қатыстым. Кестеге сәйкес алдымен

теориялық сабақтар жүргіздік, содан кейін практикалық сабақтарда материалды бекітіп, жақсы нәтиже берді. Маған тыңдаушылардың ойын сабақтан аздап бөлу үшін ұйымдастырылатын қысқа психологиялық тренингтер өте ұнады. Соның нәтижесінде тыңдармандарымыздың жадында көп нәрсе қалғанына сенімдімін. Менің ойымша, мұндай сабақтарда көрнекі қабылдау өте маңызды, практикалық бөлігі де маңызды. Мен екеуін де орталықта көрдім, бұл жеке өзіме жақсы әсер етті. Бұл материалды мен ғана емес, барша тыңдаушылар есінде ұзақ сақтайды деп ойлаймын.

Қазақстан – бауырлас ел. Бұл біздің ата-бабаларымыздың мекені, мен осы елде болғаным және осы тренингтен өтуге мүмкіндік алғаным өте қуаныштымын. Мен Қазақстан сияқты мемлекетте білім деңгейінің жоғары екенін мақтан тұтамын. Барша оқытушылар қауымына үлкен алғысымды білдіремін!

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Орталық коммуникациялар қызметінде «19 қазан - Құтқарушы күні» тақырыбында өткен баспасөз конференциясында спикер болып Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор Сырым Дүйсенғазыұлы Шәріпханов сөз сөйледі



Министр барлық құтқарушыларды кәсіби мейраммен құттықтай отырып, оларға мықты денсаулық, әл-ауқат, оңай емес қызметтерінде жаңа табыстар тіледі. Құтқарушы - төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою ісіне тікелей қатысушы.

1995 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті – елдің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілеттік берілген орталық атқарушы орган ретінде құрылды.

1995 жылдан бастап азаматтық қорғау жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру шеңберінде МКЖС комитет, агенттік, министрлік болып қайта құрылды, ІІМ жүйесінде болды, одан әрі 2020 жылы министрлік қайта құрылды. Барлық кезеңде төтенше жағдайларды жою қызметі кәсіби түрде дамып, құтқару бөлімшелерімен толықтырылды.

ТЖ қызметтерімен жұмыс істеген жылдары (1995-2023 жылдар) төтенше жағдайларды жоюға 1,5 млн. астам шығу жасалды. Өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың қызметі, кәсібилігі, жеделдігі арқасында 413 мыңға жуық адам құтқарылды, ТЖ түрлі аймақтарынан 380 мыңға жуық адам эвакуацияланды, 70 мыңнан астам зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетілді.

Елімізде өртке қарсы және құтқару қызметтері жұмыс істеген кезде қызметтік міндеттерін атқару кезінде 69 қызметкер қаза тапты.

Жыл сайын орта есеппен 18 мыңнан астам табиғи және техноген-

дік сипаттағы ТЖ, оның ішінде 15 мың өрт тіркеледі. ТЖ аймағынан құтқарушылар 8 мың азаматты құтқарады, 20 мыңнан астам адамды эвакуациялайды, 4,5 мың зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетіледі.

2023 жылдың басынан бастап құтқару бөлімшелері өртке және авариялық-құтқару жұмыстарына 65 мыңнан астам рет шықты, 9,5 мыңнан астам адам құтқарылды, ТЖ аймағынан 10 мыңнан астам адам эвакуацияланды, 4 мың зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсетілді.

Азаматтық қорғау органдарында 27 мыңнан астам қызметкер қызмет атқарады.

Еліміздің азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру бойынша елеулі жұмыстар атқарылды, бұл заңнаманы қабылдау, төтенше жағдайлардан қорғау үшін жаңа объектілер салу, құтқару және өрт техникасы мен жабдықтарын сатып алу, Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің жалақысын арттыру, қызмет өткеру жағдайларын жақсарту, кәсіби кадрларды даярлау, өрт-құтқару спорты мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осылайша, 1,5 мыңнан астам өрт-құтқару автотехникасы мен 20 мың өрт-құтқару жабдығы мен жарағы сатып алынды. 30-дан астам өрт сөндіру депосы салынды.

Азаматтық қорғау академиясының қабырғасынан азаматтар мен мемлекет аумағының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, күндіз де, түнде де қызмет атқаратын 5 мыңнан астам маман шығарылды.

Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ алдын алуға мүмкіндік беретін бірқатар ірі жобалар іске асырылды: Алматы облысының Талғар, Қарғалы өзендерінде су тасқынына қарсы Көксарай (Сырдария өзенінде) және Астана су реттегіштері, селді ұстап тұратын бөгеттер салынды. Ақсай, Аюсай, Қорғас өзендерінде төрт инвестициялық жоба іске асырылуда, олардың аяқталуы 2025 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ, біздің құтқарушыларымыз Түркия мен Ауғанстандағы жойқын жер сілкіністерінің салдарын жоюға қатыса отырып, халықаралық деңгейде өз кәсібилігін дәлелдеді. Қиын экстремалды жағдайларда және жерасты дүмпулерінің жалғасуына қарамастан,

құтқарушылар үйінділерді бөлшектеп, адамдарды эвакуациялау және құтқару, зардап шеккен адамдарға медициналық көмек көрсету жұмыстарын жүргізді.

Соңғы үш жылда ғана Түркия Республикасына, Сирия Араб Республикасына, Украинаға, Тәжікстан Республикасына, Ауғанстан Республикасына, Қырғыз Республикасына көмек көрсетілді.

- Қазіргі уақытта Министрлік табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою саласындағы мәселелерге ерекше назар аударады.

Қауіпсіздік Кеңесімен, Үкімет аппаратымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өрттерге ден қою алгоритмі әзірленді.

Жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс – қимыл жоспары, Азаматтық қорғау саласындағы 2023-2027 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралардың кешенді жоспары бекітілді, оның шеңберінде табиғат қорғау және орман мекемелерін материалдық – техникалық жаратқандыру деңгейін 100% - ға дейін, ТЖМ-95% - ға дейін нығайту жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, Экология және табиғи ресурстар министрлігімен Келісім бекітілді, оған сәйкес орман өртінің пайда болуы туралы алғашқы хабарлама бойынша, сөзсіз тәртіппен жақын маңдағы өрт сөндіру бөлімшесінің кезекші қарауылын жіберу жүзеге асырылады.

- Орман өрттерімен қатар министрлік маусымдық төтенше жағдайлардың алдын алуға ерекше назар аударады.

Су тасқынына қарсы іс-шаралардың Жол карталарын іске асыру, 2020-2024 жылдарға арналған Сел, опырылма және қар көшкіні қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар өзінің тиімділігін көрсетуде.

Сондай-ақ маусымдық төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдері жыл сайын Үкіметтің, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның, облыстық және аудандық комиссиялардың отырыстарында қаралады.

Практикалық дағдылар жыл сайынғы жаттығулар мен командалық-штабтық жаттығулар аясында пысықталады.

Бүгінгі таңда сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

Соңғы үш жылда республика бойынша 65 тұрғын үй, 121 мектеп, 90 Денсаулық сақтау нысаны, 40 мектепке дейінгі мекеме және 33 қоғамдық-өндірістік ғимарат сейсмикалық күшейтілді. 2020 жылдан бастап Алматы қаласында қатты жер сілкінісі туралы халықты ерте құлақтандырудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша кезең-кезеңмен жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы бірінші кезең 11 станция орнатумен аяқталды. Ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 17 станцияның құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Кең ауқымды кешенді шараларды іске асыру үшін Сейсмология саласында кешенді жоспар әзірлеуге бастама жасалды, оны Мемлекет басшысы қолдады. Бұл сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көрсетілген салаларға цифрлық технологияларды енгізу, ғылыми-зерттеу орталығы мен авариялық-құтқару құралымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі іс-шараларды кезең-кезеңімен іске асыруға мүмкіндік береді.

- Техногендік төтенше жағдайлардың алдын алу да маңызды бағыт болып табылады. Қазақстанда өнеркәсіптің жоғары қарқынының дамуы мен елдің жекелеген өңірлерінде авариялар қаупі жоғары деңгейде қалып отыр. Биыл қауіпті өндірістік нысандарда 15 апат тіркелді, 27 адам зардап шекті, 9 адам қаза тапты. Негізгі себептер - өнеркәсіптік қауіпсіздіктің бұзылуы, пайдаланылатын жабдықтың тозуы, өндірістік және еңбек тәртібінің төмендігі.

- Сонымен бірге Министрлік Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі міндеттерді іске асыруға ерекше назар аударады. Жыл сайын ауқымды төтенше жағдайлар кезінде және соғыс уақытында орталық және жергілікті атқарушы органдар және санатталған ұйымдар жұмысының тұрақтылығын арттыруға бағытталған профилактикалық бақылау жүргізіледі.

- Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау Министрліктің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Жыл басынан бері Түркия Республикасына, Сирия Араб Республикасына және Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетілді. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар қабылдау үшін Абай және Маңғыстау облыстары үшін материалдық құндылықтарды шығару жүзеге асырылды.

- Негізгі қызмет бойынша мәселелермен қатар, халықтың «қауіпсіздік мәдениетін» арттыру қажеттігін атап өткім келеді.

Бүгінгі таңда өмір қауіпсіздігі негіздерін зерттеу елімізде білім берудің барлық деңгейлерінде таратылды. ТЖ кезіндегі іс-қимылдарды оқыту жүйелі сипатта болуға тиіс және оның барлық кезеңдерінде жүргізіледі. Осыған байланысты, біз Қоғамның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың жалпыұлттық тұжырымдамасын әзірлеп жатырмыз, оны іске асыру халықтың ТЖ кезінде жеткілікті дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Жаңа қауіптер мен сын-қатерлердің пайда болуы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Төтенше жағдайлар жүйесінің рөлі мен орнын қайта қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты төтенше жағдайлар министрлігін трансформациялау жұмыстары басталды. Ең алдымен ТЖ салдарын жою жүйесінен олардың алдын алуға, сондай-ақ төтенше жағдайларға ден қоюға дайындығын арттыру жолымен тәуекелдерді азайтуға көшу көзделеді.

Қазіргі уақытта Министрлік «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірледі, оны қабылдау төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

СИРЕНАЛЫҚ –СӨЙЛЕУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ СИПАТ-ТАМАСЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


*Мақаланы дайындаған АҚҰО
оқытушысы - Исабаева Л.М.*



Азаматтық қорғаудың маңызды элементтерінің бірі халықты хабардар ету, сондай-ақ табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қатері болса немесе жағдай туындаған кездегі іс-қимыл тәртібі туралы нұсқауларды уақтылы жеткізу болып табылады.

Өз кезегінде, адамзат тарихында қауіп-қатердің сипаты мен ауқымына қарай халықты хабарландырудың «үйлерді аралау» сияқты қарапайым тәсілден бастап, қазіргі заманауи дауыс күшейткіш байланыстарды қолдануына дейін бар.

ҚР ПМ 2014 ж. 26 желтоқсандағы №945 «Бейбіт және соғыс уақытында халықты, мемлекеттік органдарды төтенше жағдайлар кезінде азаматтық қорғау және ескерту жүйесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында атап өтілгендей, халықты төтенше жағдайлар туралы ескерту халыққа «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!**» дабылын беру болып табылады. Сонымен бірге табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қаупі немесе пайда болуы кезінде туындайтын қауіптер туралы және жағдайдайға байланысты халықтың іс-әрекеті туралы шұғыл ақпарат беріледі.



Егер біз «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!**» ескерту дабылы туралы айтатын болсақ, онда бұл қауіп төнген немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде тұрғындардың назарын аудару үшін дабылдар немесе басқа да дабылдық құралдар арқылы берілетін бірыңғай ескерту дабылы.

Хабарлау тәртібі тиісті іс-әрекет шараларын іске асыру үшін қауіп немесе төтенше жағдайдың орын алуы туралы ақпаратты, сондай-ақ

қауіп немесе төтенше жағдайдың туындауы туралы ақпараттық хабарламаларды жағдайға байланысты жедел түрде мемлекеттік органдарға хабарлаудан тұрады.

Қауіп-қатер төнгенде немесе төтенше жағдай кезінде халықты құлақтандыру қалай іске асады?

1. Сиреналар, дыбыстық сигналдар және басқа да дабылдар, арнайы көліктердің сиреналары қосылады. Бұл ортақ дабыл «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!**» дегенді білдіреді.

2. Осыдан кейін көшелерде, тұрғын үйлерде және қала объектілерінде орнатылған дауыс зорайтқыштар мен радио нүктелері арқылы азаматтарға қазіргі жағдайда не істеу керектігі туралы ақпарат беріледі.

3. Қаланың стационарлық дауыс зорайтқыштар мен радио нүктелері әлі орнатылмаған учаскелерінде халықты хабарлау жүйесімен жабдықталған көліктер пайдаланылады.

4. «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!**» дабылынан кейін, қауіп төнген жағдайда немесе төтенше жағдай кезінде одан әрі әрекеттер туралы ақпарат теледидар арналары арқылы да көрсетіледі.

5. Құлақтандыру жөніндегі ақпарат адамдар көп жиналатын орындарда орнатылған теледидарлық панельдерде де көрсетіледі.

6. Сондай-ақ, азаматтар қауіп туралы ұялы байланыс арқылы – SMS көмегімен хабарланады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз халықты құлақтандыру түрі ретінде сиреналық сөйлеу құрылғысы (ары қарай - ССҚ) туралы айтатын боламыз. Құлақтандырудың бұл бірегей түрі алғаш рет Қазақстанда 2016 жылы енгізілген.



ССҚ деп аталатындар дабыл дыбыстарын ғана емес, сонымен қатар дауыстық хабарламаларды да беруге мүмкіндік беретін заманауи жүйелер болып табылады. Бұл жүйе жергілікті және орталық атқарушы органдардың, ұйымдар

мен кәсіпорындардың басшылығының алдын ала дайындалған тізімдерін жасау арқылы әртүрлі ескерту сценарийлерін орнатуға, жергілікті жерлерде де, үлкен көлемде де хабарлауға мүмкіндік береді.

Бізге мұндай құрылғылар не үшін қажет? деген сұрақ туындауы мүмкін. Ең алдымен, кез келген қауіптің туындауы немесе туындау қатері бар екендігі туралы халықты жедел хабардар ету үшін. Мысалы, өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және басқа да төтенше жағдайлар жөнінде.

Екіншіден, жаңа жабдық дыбыспен үлкенірек аймақты қамтиды, ескі сирена модельдерімен салыстырғанда сигнал сапасы жақсарды және дыбысқа дауыстық хабарлама қосылды.

ҚР ТЖМ 2021 ж. 9 желтоқсандағы No 584 «Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің зағтай нормаларын бекіту туралы» бұйрығында ССҚ қалалық режимде ауданы 0,8 км² -ден кем емес ескерту аймағындағы тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз етеді және дауыс зорайтқыштың жалпы шығыс қуаты 600 Вт шығарады делінген. Сонымен қатар жүйе сізге қажетті хабарландыру аймақтарын бөлек нүктеден таңдауға, сондай-ақ қалаған хабарландыру аймақтарын таңдауға немесе бір уақытта айналмалы іске қосуға және қарапайым музыканыда жіберуге мүмкіндік береді.

Жүйе 240 сағат күту режимінде немесе 60 минут белсенді хабар таратуда қуат көзінсіз жұмыс істей алады, бұл барлық электр желілері істен шыққан жағдайда да халықты хабардар етуге мүмкіндік береді.



Жүйені автоматтандыру дабыл-дауыс қондырғыларының жұмыс параметрлерін тұрақты бақылауда ұстаудан тұрады (220 В қоректендіру көзінің болуы/болмауы, аккумуляторлардың разряды, фидерлер мен дауыс зорайтқыштар тізбегінің үзілуі, шкаф есігінің ашылуы).

Барлық жұмыс параметрлерін бақылау және оларды диспетчерлік басқару панелінде көрсету сирена орнатылған жерде орын алған жағдайға жылдам әрекет етуге және жүйені белсенді жұмыс жағдайында үнемі ұстауға мүмкіндік береді.

ССҚ жүйесін орнату елді мекендер үшін ең қолайлы жүйе болып табылады, өйткені ол дабыл дыбысы мен тұрғындарды бір белгіленген нүктеде дауыстық ескертуді біріктіреді. Жапония тәжірибесіне

сүйене отырып, ССҚ тұрғындар арасында дүрбелең тудырмай, бүкіл жүйенің жұмысын тексеруге мүмкіндік беретін қарапайым музыканы беру мүмкіндігін қамтиды.


Қазіргі уақытта республикада елді мекендердің тұрғындары мен шаруашылық нысандарының персоналын хабардар ету мақсатында ССҚ сатып алынып, орнатылуда. Мәселен, Алматы қаласында қазірдің өзінде жергілікті бюджет есебінен қалалық әкімдіктің көмегімен сатып алынған 600 дана ССҚ орнатылды. Бұл ССҚ әр түрлі оқыту мен жаттығулар кезінде пайдаланылады және іске қосылады. 2023 жылдың қыркүйегінде «Жер-2023» бақылау жүйесін жүргізу кезінде барлық ССҚ іске қосылды, сонымен қатар айына бір рет техникалық жағдайды тексеру үшін аталған басқару жүйелері де іске қосылады.

Қорытындылай келе, бұл жүйе басқару орталығынан басқарылады және бүгінгі күні ССҚ қоғамдық ескерту жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды деп айта аламыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, халықты ескерту және хабардар ету мақсатында ескерту жүйесінің одан әрі дамып, жаңартынына сенеміз. Өйткені, біздің республикадағы кез келген елді мекен үшін ССҚ орнату ең қолайлы жүйе болып табылады.

КАБЕЛЬДІК ӨТПЕЛЕРДІҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ӘЗІРЛЕУ

*Мақаланы дайындаған АҚҰО
бас ғылыми қызметкері -
Исаева Ұ.Б.*



Соңғы жылдары өрт қауіпсіздігі проблемасы Қазақстан Республикасындағы қызметтің әртүрлі салаларының алдында тұрған маңызды міндеттердің біріне айналды. Мемлекет пен қоғамның белсенді күш-жігеріне қарамастан, айтарлықтай материалдық шығындар мен адам өмірін жоғалтуға әкеліп соқтыратын өрттер орын алуда. Осыған байланысты өрт қауіпсіздігінің өзекті мәселелерін қарастыру өте маңызды болып отыр.



Қазақстан Республикасындағы өрттердің негізгі себептерінің бірі – тұрғындардың өрт қауіпсіздігінің негізгі ережелері туралы хабардар болмауы. Зерттеулер көрсеткендей, өрттердің көпшілігі электр құрылғыларын ұқыпсыз және дұрыс пайдаланбаудан, тыйым салынған жерлерде темекі шегуден, тез тұтанатын және жарылғыш заттарды дұрыс сақтамаудан болады.

Екінші айта кететін мәселе – өрт қауіпсіздігінің заманауи талаптарына сай келмейтін ескірген жабдықтар мен инфрақұрылым. көп жағдайларда автоматты өрт сөндіру жүйесі, резервтік қуат көздері жоқ, өрт гидранттары мен суға арналған резервуарлардың саны жеткіліксіз. мұның барлығы өрттің тез таралуына жағдай жасап, оны сөндіруді қиындатады.

Үшінші мәселе өрттің алдын алу және сөндіру бойынша тиімді шаралардың жоқтығымен байланысты. Өрт сөндіру бекеттерінің жеткіліксіз саны, әртүрлі бөлімшелер арасындағы үйлестірудің нашарлығы және өртке қарсы қызметтің нашар ұйымдастырылуы оқиғаларға әрекет етудің кешігуіне әкеледі және өрттің алдын алу мүмкіндігін шектейді.


Өрт қауіпсіздігін арттырудың маңызды аспектісі халықты ағарту және хабардар ету болып табылады. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асы-

ру, өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығулар мен демонстрациялар өткізу, түсіндіру жұмыстары қоғамның әрбір мүшесінің саналылығы мен жауапкершілігінің деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.



Ағымдағы әдебиеттерді шолудан кабельдік өтпелердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін бағалау электр жүйелерінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етудің маңызды міндеті екендігі анық болады. Технологияның ұдайы дамуына және жаңа материалдардың пайда болуына байланысты кабельдің өту қауіпсіздігін бағалау әдістерін әзірлеу және жетілдіру қажет.

Кабельдік өтпелердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін бағалаудың маңызды аспектілерінің бірі олардың өрт кезінде жалын мен түтіннің таралуын болдырмау қабілеті болып табылады. Әдебиеттер кабельдік өтпелі құрылыста қолданылатын материалдарды сынаудың және жіктеудің әртүрлі әдістерін талқылайды, мысалы, өрт пен түтін сынақтарын қолдану. Ол сондай-ақ электротехникадағы өрт қауіпсіздігі талаптарын реттейтін әртүрлі стандарттар мен ережелерді сипаттайды.



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінде бекітілген, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, реконструкциялау және функционалдық мақсатын өзгерту кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша ғимаратқа, құрылысқа, құрылыс конструкцияларына, инженерлік жабдыққа және құрылыс материалдарына арналған жобалық құжаттамада Техникалық регламентте көзделген өрт-техникалық сипатамалар қамтылуы тиіс.

Үлгілік сынақтар үшін кабельді таңдау

Үлгілік сынақтар үшін кабельге арналған стандартты, техникалық сипатамалар немесе тұтынушы мен өндіруші арасындағы келісім бойынша кабель түрі мен өткізгіштің көлденең қимасын таңдау та-



лаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Сынақ үшін кабельдерді таңдау осы стандартқа сәйкес келесі талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады:

- көлденең қимасы 35 мм^2 жоғары өткізгіш өзегі бар кабельдер үшін кабель сегменттерінің саны болмауы керек ұзындығы арасындағы саңылауы бар ені 300 мм бір қабатты қалыптастыру үшін қажет болғаннан артық болу кабель диаметрінің жартысы, бірақ 20 мм артық емес;

- көлденең қимасы 35 мм^2 қоса алғанда өткізгіш өзегі бар кабельдер үшін және оптикалық кабельдер үшін кабельді таңдауда ешқандай шектеулер жоқ;

- сегменттердің саны кемінде екі болуы керек.

Осы стандарт бойынша үлгілік сынақтардың шарттары бойынша жиынтық деректер 1-кестеде келтірілген.

Кесте – 1. Сынақ шарттары бойынша жиынтық деректер

Санат және белгілеу	В	
Өткізгіштердің көлденең қимасының диапазоны, мм^2	> 35 а)	≤ 35 б)
Сыналатын үлгідегі 1 м металл емес материалдардың көлемі, л	3,5	3,5
Стандартты баспалдақтың көмегімен сынақ үлгісінің ені 300 мм -ден аспайды:		
- қабаттар саны	1	≥ 1
- оттықтардың саны	1	1
Сыналатын сегменттердің орналасуы	Ал-шақтықпен	Алшақтық жоқ
Жалынның әсер ету уақыты, мин	40	40
а) 35 мм^2 -ден жоғары көлденең қимасы бар кем дегенде бір өткізгіш б) Көлденең қимасы 35 мм^2 асатын бірде-бір өткізгіш немесе оптикалық кабель емес.		

Сондай-ақ кабельдік өтулердегі жалын мен түтіннің таралуын зерттеуге арналған көптеген жұмыстар бар. Өрттің қалай басталып, таралатынын, оның дамуына қандай факторлар әсер ететінін және оны сөндіру үшін қандай шаралар қажет екенін түсіну үшін әртүрлі физикалық және математикалық модельдер, сондай-ақ компьютерлік модельдеу қолданылады. Бұл зерттеу өрттің алдын алудың тиімді әдістерін жасауға және кабельді өтуге арналған жаңа материалдар мен конструкцияларды әзірлеуге көмектеседі.

Сондай-ақ, соңғы жылдары тозу, тозу дәрежесін және пайдалану кезінде туындауы мүмкін проблемаларды анықтауға мүмкіндік беретін кабельдік өтулердің қалдық мерзімін бағалаудың жаңа әдістерін әзірлеуге көбірек көңіл бөлінетінін атап өткен жөн. Бұл мүмкін болатын апаттардың алдын алуға және кабельдің өтуін жаңарту және жөндеу бойынша тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.



Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігінің қазіргі проблемалары халықты хабардар етудің жеткіліксіздігі, ескірген жабдықтар мен инфрақұрылым, өрттің алдын алу және сөндіру бойынша тиімді шаралардың жоқтығы болып табылады. Осы мәселелерді шешу мемлекеттің, қоғамның және

бизнес секторының бірлескен күш-жігерін, сондай-ақ халықты өрт қауіпсіздігі мәселелеріне белсенді тартуды және оқытуды талап етеді.

Кабельдік өтулердің өрт қауіпсіздігіне сәйкестігін бағалау әдістерін әзірлеу зерттеудің маңызды бағыты болып табылады. Әдебиеттерді шолу негізінде жаңа сынақ әдістерін, үлгілерін және стандарттарын әзірлеу, сондай-ақ компьютерлік модельдеу сияқты заманауи технологияларды пайдалану электр жүйелерінде өрт қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге көмектеседі деп қорытынды жасауға болады.

терге сәйкес белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі. Тіршілікті бірінші кезекте қамтамасыз ету түрлеріне мыналар жатады: халықты сумен, азық-түлікпен, бірінші кезектегі қажетті заттармен, тұрғын үймен, медициналық қызметтермен және құралдармен, коммуналдық-тұрмыстық қызметтермен қамтамасыз ету, көліктік және ақпараттық қамтамасыз ету.



Тіршілікті қамтамасыз етудің нақты іс-шараларының құрамы төтенше жағдайдың сипатына, оның ауқымына, халықтың нақты қажеттіліктеріне және басқа факторларға байланысты. Радиациялық және химиялық қауіпті объектілердегі авариялар кезінде дезактивация, газсыздандыру, сондай-ақ күнделікті қызметтегі көлемнен едәуір асатын ауқымда эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу қажеттігі туындауы мүмкін. Зардап шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іс жүзінде асыру кезінде алдымен жергілікті ресурстар пайдаланылады.

Халықты сумен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуде орындалатын әрекеттер мынадай:

Халықты сумен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуде орындалатын әрекеттер мынадай:



- апат ауданында шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне арналған судың қажетті мөлшерін айқындау;

- апат ауданында шаруашылық және ауыз су қажеттілігі үшін суға деген қажеттілікті ескере отырып, қолма-қол сумен жабдықтау жүйелерінің, автономды су жинағыштардың, су тазарту құрылыстары мен қондырғыларының жай-күйі мен пайдалану мүмкіндіктерін анықтау;

- су алу, тазарту және тарату пункттерінің жабдығын жылжымалы

ыдысқа ауыстыру;

- судың жетіспейтін мөлшерін су құйғыш көлікпен және ыдысқа құйылған сумен әкеліп толтыру, сондай-ақ оны уақытша су құбырлары арқылы халыққа, қоғамдық тамақтандыру орындарына, нан пісіру кәсіпорындарына, емдеу мекемелеріне жеткізуді ұйымдастыру;

- қарапайым су шығару және тазарту тәсілдерін пайдаланып, суды халыққа тарату;

- суды тұтыну нормасын енгізу және су сапасын бақылауды күшейту;

- сумен жабдықтау жүйелері мен автономды су қабылдағыштарды химиялық немесе радиоактивті ластанудан және басқа да ластану түрлерінен қорғау;

- қажет болған жағдайда жер үсті көздерінің суын пайдаланатын су құбырларының радиоактивті, химиялық және басқа да қауіпті заттардан тазарту жүйелерін дайындау;

- шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың бүлінген жүйелерін, автономды су жинау құрылыстарын қалпына келтіруді және жөндеуді ұйымдастыру.

Төтенше жағдайлар кезінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға мыналар кіреді:

- халық пен құтқарушыларды қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік номенклатурасы мен санын бағалау;

- азық-түлікті, оның ішінде гуманитарлық көмек түрінде алынған азық-түлікті қолға беру, есепке алу және бөлу қызметтерін орталықтан жүргізу;

- азық-түлік, тағам және ет-сүт өнеркәсібі өнімдерін (нан және нан-тоқаш өнімдері, жарма және макарон өнімдері, ет және ет өнімдері, балық және балық өнімдері, сүт өнімдері, майлар, қант, көкөністер мен көкөніс консервілері, тұз және т. б.) өндіру бойынша шынайы мүмкіндіктерді анықтау;

- қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының мүмкіндіктерін бағалау және жұмысын ұйымдастыру;

- мемлекеттік резерв және сауда ұйымдарының қоймаларындағы



азық-түлік қорларын бағалау;


- тамақтану пункттерінің, далалық асүйлер мен наубайханалардың қажетті санын анықтау, керек болса олардың жұмысын өрістету;

- қажет болған жағдайда тамақ өнімдерінің радиоактивті, химиялық және басқа да қауіпті заттармен ластануына бақылау жүргізу, азық-түлік пен тағам шикізатын зарарсыздандыру;

- зардап шеккен халыққа және төтенше жағдайды жоюға қатысушыларға тамақ дайындауды және таратуды жүзеге асыру, оларға осы төтенше жағдай үшін қабылданған тәртіпке және шарттарға сәйкес азық-түлік беру.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету барысында балалардың тамақтануына ерекше көңіл бөлінеді.

Зардап шеккен халықты бірінші кезектегі қажетті заттармен қамтамасыз ету мынадай іс-шараларды іске асыруды көздейді:



- қажетті заттардың керек саны мен номенклатурасын (киім, аяқ-киім, көрпе, ыдыс-аяқ, жеке гигиена заттары, жуғыш заттар, маталар, галантерея және т. б.) анықтау;

- бүлінген қоймалардан, сондай-ақ гуманитарлық көмек және халықтың

өзара көмегі түрінде келіп түскен бірінші кезектегі қажетті заттарды жинау, сұрыптау және пайдалануға дайындау;

- уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - ЖАО) мүмкіндіктерін айқындау және зардап шеккендерді өз ресурстары есебінен, қолда бар резервтерді қоса алғанда, қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- тапшылықты анықтау және зардап шеккен аумақта өнімді қайта бөлу есебінен тапшылықты жабу жолдарын іздестіру;

- гуманитарлық және басқа да көмек түрлері туралы сауалдар дайындау;

- халыққа берілетін бірінші кезектегі қажетті заттардың ластануын (залалдануын) бақылауды ұйымдастыру, оларды зарарсыздандыру;

- радиациялық (химиялық) немесе өзге де бақылау нәтижелері

бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз деп танылған ластанған (залалданған) бірінші кезектегі қажетті заттарды көму;

- халыққа тарату орындары мен тәртібін айқындау, осы төтенше жағдай үшін белгіленген тәртіппен және шарттарға сай зардап шеккен халыққа бірінші кезектегі қажетті заттарды беруді жүзеге асыру, жылжымалы пункттер мен жабдықтау қызметтері бөлімшелерін ұйымдастыру.

Төтенше жағдай салдарынан баспанасынан айырылған халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін шешу кезінде:



- төтенше жағдай аймағында зардап шеккен халықтың уақытша тұрғын үйге, сондай-ақ эвакуацияланғандардың (қоныс аударғандардың) орналастыру орындарына мұқтаждығы және бұрынғы тұрғын үйі қалпына келтіруге немесе зарарсыздандыруға жармайтын халық үшін тұрақты

тұрғын үйге деген мұқтаждық айқындалады;

- сақталған тұрғын үй қорын түгендеу, өндірістік немесе әлеуметтік мақсаттағы объектілердің зақымдану (қирау, ластану немесе жұқтыру) дәрежесін бағалау жүргізіледі;

- тез тұрғызылатын тұрғын үйлерді жеткізу туралы сауалдар жіберіледі;

- уақытша тұрғын үйлер (шатырлар, киіз үйлер, блиндаждар, жылжымалы және құрама үйлер және т. б.) тұрғызылады, баспанасыз қалған, сондай-ақ эвакуацияланған адамдарды орналастыру үшін шипажайлар, демалыс үйлері, пансионаттар, спорттық және балалар лагерлері, басқа да қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар дайындалады;

- зардап шеккендерді уақытша орналастыруға арналған үй-жайлардың ластануын (залалдануын) бақылау және оларды зарарсыздандыру ұйымдастырылады.

Төтенше жағдай туындаған кезде қайтарымсыз жоғалған тұрғын үймен қамтамасыз ету төтенше жағдай жойылғаннан кейінгі кезеңде сақтандыру төлемдері, мемлекеттің көмегі есебінен тұрғын үй сертификаттарын беру жолымен жүзеге асырылады.

Төтенше жағдайлар аймақтарында халықты медициналық қамтамасыз ету халықты медициналық қорғау іс-шараларынан, сондай-ақ төтенше жағдай аймағындағы адамдарға және эвакуацияланғандарға медициналық қызмет көрсетуден тұрады. Бұл орайда медициналық мүлікпен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етудің маңызы зор. Атап айтқанда, ол мыналарды қарастырады:

- дәрі-дәрмектерге, донорлық қан қорларына және басқа құралдарға қажеттілікті анықтау;



- қажетті көлемде және номенклатурада дәрі-дәрмектердің, жабдықтардың және басқа да медициналық мүліктердің қорларын жинақтау және пайдалану;

- ішкі ресурстарды қайта бөлу, сондай-ақ басқа өңірлерден жеткізу есебінен дәрі-дәрмек пен медицина тапшылығын жою жолдарын айқындау, тиісті өтінімдерді дайындау және жолдау.

Халықты коммуналдық-тұрмыстық қызметтермен қамтамасыз



ету мақсатында іс-шаралардың кең кешені орындалады. Олардың құрамын негізінен ТЖ сипаты мен ауқымы айқындайды. Су құбыры, кәріз, жылу, газ, электр және жылу желілерін қалпына келтіру және жөндеу, қажет болған жағдайда коммуналдық, тұрмыстық сарқынды суларды зарарсыздандыру,

қалдықтарды жинау және жою, моншаға түсіру - кір жуу қызметін ұйымдастыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар басым болуға тиіс. Зардап шеккен халықты коммуналдық-тұрмыстық қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға кіретіні мыналар:

- отын ресурстарының сақталған көлемін, стационарлық жылу, энергия көздерін, отын мен энергияның қажетті мөлшерін нақтылау;

- стандартты емес, қарапайым жылыту және электрмен жабдықтау құралдарының (пештер, жылжымалы шағын қазандықтар, дизель электр станциялары, аккумуляторлар және т. б.) қажетті са-

нын белгілеу, олармен халықты жабдықтау;

- су құбыры, кәріз, жылу, газ, электр және жылу желілерін бірінші кезекте қалпына келтіруді (жөндеуді) жүзеге асыру және қажетті көлемдерді анықтау;

- төтенше жағдай аймағында және эвакуация орындарында халықты моншалармен, душтармен, кір жуатын орындармен, дәретханалармен қамтамасыз ету, моншаға түсіру-кір жуатын қызмет көрсетуді ұйымдастыру, бұл үшін жылжымалы қондырғыларды пайдалану;

- қажет болған жағдайда коммуналдық және тұрмыстық сарқынды суларды зарарсыздандыруды жүргізу, радиоактивті (химиялық) ластану (жұқтыру) аймақтарынан тыс жерлерде моншаға түсіру-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру;

- қаза тапқандарды жерлеу үшін қажетті күштер мен құралдарды және жерлеу орындарының қажетті санын бөлу;

- төтенше жағдай аймағының тұрғын аумағында тұрмыстық қалдықтарды жинау мен жоюды ұйымдастыру.

Халықты көлікпен қамтамасыз ету шараларына жататыны: халықтың тіршілігін қамтамасыз ету іс-шараларын орындауға көліктерді тарту (мысалы, тіршілікті қамтамасыз ету ресурстарын жеткізу үшін), сондай-ақ емдеу-эвакуациялық іс-шараларда көлікпен қызмет көрсету, халықты көлікпен эвакуациялау.



Ақпараттық қамтамасыз ету деп төтенше жағдайларға байланысты барлық мәселелер бойынша халықты уақтылы хабардар ету жөніндегі шаралар кешенін түсінген жөн. Бұл ретте халыққа жеткізілетін ақпараттың арасында тіршілікті бірінші кезекте қамтамасыз ету мәселелеріне елеулі орын беріледі. Мәселен, міндетті түрде су мен тамақ тарату пункттерінің орналасқан жері туралы, медициналық көмек көрсету орындары туралы, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы жайлы және т.

б. туралы хабарланады.

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың өмірлік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірінші кезектегі тіршілікті қамтамасыз ету түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 299 бұйрығына сәйкес адамның өмір сүруі үшін ең аз, бірақ жеткілікті материалдық құралдар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайтын, негізделген нормативтер белгіленген. Мысалы, азық-түлік бойынша есептеу негізіне адамның энергияға деген минималды орташа физиологиялық қажеттілігі алынады. Бұл негізгі алмасу көлемі деп аталатын қажеттілік тыныштық күйінде 2170 ккал тең. Төтенше жағдай аймағында қалғандығын ескергенде атаулы норма 2500 ккал-ға дейін артады. Қамтамасыз етудің басқа түрлері бойынша нормалар адамдардың нақты мүмкіндіктері мен минималды қажеттіліктеріне қарай белгіленеді. 1-6 кестелерде төтенше жағдайлар аймақтарында негізгі өнім түрлері мен материалдық заттар бойынша халықтың тіршілігін бірінші кезектегі қамтамасыз ету нормалары ұсынылған.

Кесте 1

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін тағам өнімдерімен (орта есеппен жан басына шаққанда) қамтамасыз ету нормалары

№	Атауы	Саны
1.	Ұнға қайта есептегенде нан өнімдері	369,8
2.	1-сұрыпты байытылған бидай ұны	31,9
3.	1-сұрыпты байытылған бидай ұнынан пісірілген нан	259
4.	Қара бидай наны	102,8
5.	Макарон өнімдері	15,1
6.	Күріш	15,4
7.	Қарақұмық	7,5
8.	Сұлы жармасы	7,5
9.	Арпа жармасы	6,6
10.	Бидай жармасы	6,6
11.	Ұнтақ жарма	6,9

12.	Бұршақ	6,9
13.	Картоп	273,9
14.	Көкөніс	342,4
15.	Аққаданды қырыққабат	93,3
16.	Сәбіз	77,2
17.	Пияз	78,5
18.	Томат	18,5
19.	Қияр	18,5
20.	Қызылша	18,5
21.	Өзге де көкөністер	37
22.	Жемістер, барлығы	82,1
23.	Жас жемістер (алмалар)	43,1
24.	Кептірілген жеміс-жидектер	7,8
25.	Қант	58,3
26.	Ет және ет өнімдері	150,6
27.	Мал еті	110,3
28.	Құс еті	14,6
29.	Ет консервілері	7
30.	Ысталған шұжық	9,9
31.	Балық және балық өнімдері	12,3
32.	Жас немесе жаңа мұздатылған балық	9,7
33.	Балық консервілері	1,9
34.	Сүт қайта есептегенде сүт және сүт өнімдері	772,6
35.	Сүт (литр)	0,23
36.	Сүт консервілері	13,1
37.	Мәйек ірімшік	7,6
38.	Сары май	20,8
39.	Жұмыртқа (дана)	1
40.	Өсімдік майы	23,5
41.	Мал майы	4,9
42.	Шай	5,4
43.	Йодталған ас тұзы	6
44.	Ашытқы	0,1

45.	Дәмдеуіштер	0,1
-----	-------------	-----

Кесте 2

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін киіммен, іш-киіммен, аяқ-киіммен қамтамасыз ету нормалары

Ерлер үшін			Әйелдер үшін	
Жыл маусымы	Киім, іш-киіммен, аяқ-киім атауы	Саны	Киім, іш-киіммен, аяқ-киім атауы	Саны
Қыс	Пальто, күртеше (дана)	1	Пальто, күртеше (дана)	1
	Костюм (дана)	1	Көйлек, костюм (дана)	1
	Жейде (дана)	1	Жейде (дана)	1
	Ішкіім (ж-қ)	1	Ішкіім (жинақ)	1
	Шұлық (жұп)	1	Шұлық (жұп)	1
	Қысқы бас киім (дана)	1	Қысқы бас киім (дана)	1
	Қысқы аяқ киім (жұп)	1	Қысқы аяқ киім (жұп)	1
	Қолғап, биялай (жұп)	1		
Көктем,	Плащ, күртеше (дана)	1	Плащ, күртеше (дана)	1
Күз	Костюм (дана)	1	Көйлек, костюм (дана)	1
	Жейде (дана)	1	Ішкіім (жинақ)	1
	Ішкіім (ж-қ)	1	Шұлық (жұп)	1
	Шұлық (жұп)	1	Бас киім (дана)	1
	Бас киім (дана)	1	Аяқ киім (жұп)	1
	Аяқ киім (жұп)	1		
Жаз	Шалбар (дана)	1	Көйлек (дана)	1
	Жейде (дана)	1	Шұлық (жұп)	1
	Шұлық (жұп)	1	Ішкіім (жинақ)	1
	Ішкіім (жинақ)	1	Жазғы аяқ киім (жұп)	1
	Жазғы аяқ киім (жұп)	1		

Кесте 3

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін быдыс-аяқпен, төсек-орын жабдықтарымен, жеке гигиена заттарымен, жуғыш заттармен қамтамасыз ету нормалары

№	Атауы	Саны
1.	Шұңғыл металл тостаған	1 дана
2.	Қасық	1 дана
3.	Сапты аяқ	1 дана
4.	Төсек-орын жабдықтары орамалымен	бір адамға бір жиынтық
5.	Жеке гигиена заттары	бір адамға бір жинақ
6.	Шелек, 10 адамға	2 дана
7.	Металл шәйнек, 10 адамға	1 дана
8.	Сабын, айына адамға	200 г
9.	Жуу құралдары, айына бір адамға	500 г

Кесте 5

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін коммуналдық-тұрмыстық қызметтермен қамтамасыз ету нормалары

№	Атауы	Саны
1.	Шатырда орналастыру, адам басына м2	2,5 - 3
2.	Қол жуғыштар, адам басына 1 қран	10 - 15
3.	Дәретханалар, адам басына 1 дәретхана	30 - 40
4.	Моншалар және душтық құрылғылар, адам басына орын	0,007
5.	Кір жуатын орындар, тәулігіне 1 адамға кір киім килограммы	0,12
6.	Химиялық тазарту орындары, тәулігіне 1 адамға кір киім килограммы	0,0032
7.	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, 1 адамға орын	0,035

8.	Тұрмыстық жылу (тәулігіне 1 адамға отынның килограммы):	
	жазда: ең жоғары/ең төмен	1,95/0,33
	қыста: ең жоғары/ең төмен	4,78/0,41

Кесте 6

Халықтың әртүрлі топтары үшін тағамдық заттар мен энергияға физиологиялық қажеттілік нормалары (күніне)

№	Тұрғындар санаты	Энергия, ккал	Ақуыздар, г	Майлар, г	Көмірсулар, г
I	Төтенше жағдайда зардап шеккен халық	2 170	58	74	320
II	Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде үйінділерді аршитын құтқарушылар, жұмысшылар, хирургтер	4 200	114	150	570
III	Төтенше жағдайды жоюға қатысушылардың басқа да санаттары	3 300	92	108	470

Тіршілікті қамтамасыз ету қызметінің мамандары тіршілікті қамтамасыз етудің барлық түрлері бойынша халықтың қажеттіліктерін бағалайды. Нақты айта кетсек, керекті өнімдер мен көрсетілетін жеке қызметтер есептеледі, төтенше жағдай болған аймақта және одан кейінгі күндерде орналастыру кезеңінде қажетті техникалық құралдар (далалық асүйлер, наубайханалар, санитарлық өңдеу орындары, дизельді электр станциялары, қарапайым пештер немесе электр жылыту аспаптары, автоцистерналар мен суға арналған ыдыстар, далалық су құбырлары, авторефрижераторлар және т.б.) саны анықталады, сондай-ақ тасымалдаудың тәуліктік көлемі бойынша есептеулер жүргізіледі.

Зардап шеккен халықтың суға, азық-түлікке, коммуналдық-тұрмыстық қызметтерге, тұрмыстық отынға деген тәуліктік қажеттілігі халықтың жалпы саны және төтенше жағдай жағдайында қамтамасыз ету нормалары бойынша есептеледі. Төтенше жағдайды жоюдың болжамды кезеңіне қатысты да халықтың жалпы қажеттілігі

айқындалады.

Төтенше жағдай аймағында зардап шеккен халықтың азық-түлікке деген қажеттілігін бағалау кезінде апаттан кейінгі алғашқы 2-3 тәулік бойы ыстық тамақ дайындауды ұйымдастырғанға дейін халық тек құрғақ тағам мен термиялық өндеуді қажет етпейтін консервіленген



өнімдерді пайдалана алатыны назарға алынуы тиіс. Бұл ретте төтенше жағдай аймағындағы емшектегі балалар мен 3 жасқа дейінгі балаларға арнайы түрде дайын балалар тағамы, ал кейбір санаттағы науқастар үшін төтенше жағдай аймағынан эвакуацияланғанға дейін арнайы тағамдарды жеткізу керектігі міндетті түрде ескеріледі. Зардап шеккен халыққа қажетті өнімдерді жеткізу (өндіру) көлемін айқындау кезінде тәулігіне екі рет ыстық тамақты және бір рет консервіленген өнімдермен немесе құрғақ рациондар жиынтығынан алынған өнімдермен тамақтандыруды ұйымдастыру қажеттілігін негізге алу қажет.

Осы кезеңде нанды жеткізу көрші елді мекендерден ұйымдастырылуы мүмкін.

Жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл кезінде, әсіресе суық жыл маусымында, төңірек радиоактивті заттармен ластанған кезде немесе қатты әсер ететін улы заттармен, әскери улағыш заттармен, токсиканттармен ластанған кезде киім мен кейбір бірінші кезектегі заттарға деген мұқтаждық пайда болады. Олардың көлемін анықтаушы - көмекке мұқтаж халықтың нақты сұраныстары. Сондай-ақ зардап шеккен халықтың коммуналдық-тұрмыстық қызметтерді (душ, қол жуғыштар, дәретханалар, жарықтандыру аспаптары) қамтамасыз етуге арналған құралдарға қажеттілігі де айқындалады.

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (11.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мән-жайлар болған кезде төтенше жағдай енгізілгенде, егер төтенше жағдай енгізілетін жергілікті жерде, ерекше жағдайларда материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа да ресурстардың

мемлекеттік қоры (резерві) болмаса немесе олар жеткіліксіз болса, онда 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңында көзделген тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау жүзеге асырылады. Айтулы ресурстардың мемлекеттік қоры халықты, қоршаған органы және шаруашылық жүргізу объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді түрде қорғау үшін құрылған.

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-4-бабына сәйкес (11.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар мемлекеттік органдардың бұрын бекітілген жоспарларына сәйкес ұйымдастырылады. Оларды ұйымдастуға мемлекеттік органдардың кешенді күштері мен құралдары тартылуы тиіс. Жедел штаб басшысының шешімі бойынша уақытша шектеулер қолданылуы мүмкін, оның ішінде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай аймағында тұратын жеке тұлғаларды уақытша көшіру түрінде.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңындағы 9-бапқа сәйкес азаматтық қорғау құралымдары (бұдан әрі-АҚҚ) бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған; орталық және жергілікті атқарушы органдарда, ұйымдарда құрылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық және аумақтық кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын басқа жерге көшіру, авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстардың басқа түріне қайта бейіндеу немесе жою туралы шешім қабылдай алады (Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 11-бабы).

Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларын даярлау бағдарламаларын, төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың ең төмен тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекітуші - уәкілетті орган. Ол объектідегі кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құру, орнын ауыстыру, қайта бейіндеу немесе жою туралы ұйымдар басшылығының шешімдеріне келісім

береді. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы негізінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөледі («Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы).

Азаматтық қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктеріне: төтенше жағдайларда халықтың тіршілігін қамтамасыз ету; қосалқы (қалалық, қала сыртындағы), көмекші және жылжымалы басқару пункттерін құруды қамтамасыз ету жатады («Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы).

Төтенше жағдай кезінде АҚҚ-ның жеке құрамы төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізеді. Ол жұмыстар келесі: адамдарды құтқару, эвакуациялау, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар, қауіпті объектілердегі алдын алу іс-шаралары.

Тіршілікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру кезінде азаматтық қорғаудың авариялық-құтқару құралымдарының жеке құрамының тіршілігін қамтамасыз етудің барлық түрлеріне қажеттіліктер де ескеріледі. Төтенше жағдай аймағына келетін азаматтық қорғаудың авариялық-құтқару құралымдарының, оның ішінде әскерлердің тіршілігі 14 тәулік бойы автономды түрде қамтамасыз етілуі тиіс.



ЖАО-ның зардап шеккен халықтың қажеттіліктерін және оның аумағында төтенше жағдай туындаған жағдайда жұмыс жасайтын авариялық-құтқару құралымдарының жеке құрамының қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі мүмкіндіктері былай бағаланады:

- ЖАО аумағындағы елді мекендерде бар материалдық құралдардың, өнімдердің, тауарлардың, әртүрлі мақсаттағы мүліктің қорлары бойынша;

- ЖАО кәсіпорындарында тамақ өнімдерін, тамақ шикізатын өндірудің тәуліктік көлемі бойынша, бұл ретте термиялық өңдеуді талап етпейтін пайдалануға дайын тағам өнімдерінің болуына ерекше назар аударылады;

- төтенше жағдайда жұмыс жасауға дайындалған және тартылуы мүмкін тіршілікті қамтамасыз етудің әрбір түрінің мамандарының саны бойынша;

- халықтың тіршілігін қамтамасыз етудің ұтқыр техникалық құралдарының болуы бойынша;

- төтенше жағдайдан зардап шеккен халықтың саны бойынша, ол төтенше жағдай аймағынан эвакуациялау кезінде өзін-өзі басқару органының елді мекендерінде орналастырылуы және барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілуі мүмкін;

- ЖАО елді мекендерінде төтенше жағдай аймағынан зардап шеккендерді қабылдау бойынша стационарлық емдеу мекемелерінің болуы және мүмкіндіктері бойынша;

-мамандардың және су мен тағамның сапасын бақылау құралдарының болуы, төтенше жағдай аймағында немесе эвакуацияланатын немесе қоныс аударған халық шоғырланған жерлерде санитариялық-эпидемиологиялық іс-шаралар өткізу құралдарының бар-жоқтығы бойынша.

Мүмкіндіктерді алдын ала бағалау кезінде әртүрлі материалдық құралдардың қорлары мен оларды өндіру көлемін, сондай-ақ төтенше жағдай аймағында болуы мүмкін елді мекендердегі күштер мен техникалық құралдарды есептен алып тастау керек. Бұл ресурстарды пайдалану мүмкіндігі төтенше жағдай туындаған кезде тікелей барлау деректерімен нақтыланады.

Егер аумағында төтенше жағдай туындаған ЖАО өз ресурстары есебінен тіршілікті қамтамасыз етуді ұйымдастыра алмаса, онда ЖАО-ның басшы құрамы көмек алу үшін АҚМЖ-ның жоғары деңгейлеріне немесе оның басқа аумақтық немесе функционалдық кіші жүйелеріне жүгінуге тиіс. Бұндай кезде тіршілікті қамтамасыз етуге арналған ресурстар апат аймағына төтенше жеткізілімдер түрінде ғана емес, гуманитарлық көмек түрінде де түсе алады.

Халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді ой-

дағыдай шешу жұмыстарды нақты ұйымдастыруды және қажетті материалдық қорлардың болуын талап етеді.

Халықтың тіршілігін тікелей қамтамасыз ету азаматтық қорғау қызметтерінің күштерімен және құралдарымен жүзеге асырылады. Бұл қызметтерге (жүйелерге) өз қызметін белгілі аумақта жүзеге асыратын ұйымдардың (олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан) өкілдері кіреді. Олардың негізін коммуналдық шаруашылық, сауда, қоғамдық тамақтану, энергетика, көлік және т.б. бөлімшелер мен ұйымдар құрайды. Бұлардың басты міндеті - халықтың тіршілігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу. Тіршілікті қамтамасыз ету іс-шараларын жүзеге асыруға атқарушы биліктің уәкілетті органдары, олардың күштері мен ресурстары қатыса алады. фото 16

Аумақтарды халықтың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға дайындау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру алдын ала жүргізіледі. Бұл кезде экономикалық, табиғи және өзге де сипаттамаларды, аумақтың ерекшеліктері және әрбір аумаққа тән ықтимал төтенше жағдайлардың халық үшін қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

Қандай да бір аумақта бірнеше ықтимал қауіп бар объектілер жұмыс істесе немесе осы аумақта сұрапыл апаттардың туындау ықтималдығы болса, онда халықтың тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру жоспарлары барлық ықтимал төтенше жағдайларды ескере отырып әзірленеді. Мысалы, төтенше жағдайлардың әртүрлі шығу көздеріне қарай шараларды ұйымдастырудың ерекшелігі, уақыт факторының халықтың жоғалуына әсері назарға алынады. Күштер мен құралдарды басқару тетігі де алдын-ала әзірленеді, бұл олардың өзара әрекеттесуін және осы міндеттерді шешуде жеделдігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандай, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі аумақтық ұстаным бойынша ұйымдастырылады, яғни төтенше жағдайларда халықтың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға аумақты дайындау көзделеді. Тіршілікті ұйымдастыру жүйесі мәселелерді кешенді түрде шешуді қарастырып, мыналардан құралады:

- халықтың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымда-

стыру үшін бастапқы деректерді дайындау;

- халықтың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз ету бойынша аумақтың мүмкіндіктерін бағалау;

- халықтың бірінші кезектегі тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге аумақтың дайындығын бағалау;

- халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды таңдау және жоспарлау.

Төтенше жағдай аймағындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз етуді жоспарлау және ұйымдастыру үшін бастапқы деректерге жататыны:

- жер сілкінісі, су тасқыны немесе өзге де дүлей зілзалалар, радиациялық немесе химиялық қауіпті объектілердегі авариялар нәтижесінде аумақта қалыптасуы мүмкін жағдайдың болжамы;

- халықтың ықтимал санитарлық шығындарының болжамды саны мен құрылымы;

- төтенше жағдай туындаған жағдайда халықтың бірінші кезектегі тіршілікті қамтамасыз етудің әртүрлі түрлеріне мұқтаждығы;

- төтенше жағдайлар кезіндегі тіршілікті қамтамасыз ету кезеңінің ұзақтығы.

Тіршілікті қамтамасыз ету жоспарлары алдын ала әзірленіп, оны жүргізуге қатысты шешімдер қабылданады. Сосын АҚМЖ-ның тиісті кіші жүйесі жоғары дайындық режиміне немесе төтенше жағдай режиміне көшкен кезде төтенше жағдайды жоюдың жедел жоспарлары құрамында тіршілікті қамтамасыз етуді жедел жоспарлау жүзеге асырылады. Әрбір тіршілікті қамтамасыз ету қызметі іс-қимыл жоспарлары негізінде дербес жұмыс жасап, осы жоспарларды күнделікті ресурстарды жеткізу кестелерімен толықтырады. Бұл ретте ерекше назар аударылатын фактор - төтенше жағдай туындағаннан кейінгі алғашқы бірнеше тәуліктегі іс-қимылдар.



Тіршілікті қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысында АҚМЖ-ның басқару органдары қамтамасыз ету қызметтерінің іс-қимылдарына келісім береді және оларды үйлестіреді, өзара іс-қимылын үй-

ымдастырады, тіршілікті қамтамасыз ету ресурстарына деген қажеттіліктерді айқындайды, осы ресурстарды пайдалану жөнінде шешім қабылдайды, тіршілікті қамтамасыз ету іс-шараларының толық және уақытында орындалуын бақылайды.

Қолданылған әдебиет:

1. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (14.07.2022 жылға өзгертулермен және толықтырулармен).
2. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (11.09.2022 жылға өзгерістермен және толықтырулармен).
3. «Жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 565 қаулысы.
4. «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығы.
5. «Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 299 бұйрығы.

АҚ бойынша семинар-тренингтердің 2024 жылы өткізілу кестесі

•15-19 қаңтар

•12-16 ақпан

•18-22 наурыз



•15-19 сәуір

•13-17 мамыр

•17-21 маусым



•15-19 шілде

•16-20 қыркүйек

•14-18 қазан



•18-22 қараша

•17-20 желтоқсан

•18-22 қаңтар

•18-22 ақпан

•18-22 наурыз



•18-22 қыркүйек

•18-22 қыркүйек

•18-22 қыркүйек



•18-22 қыркүйек

•18-22 қыркүйек



•18-22 қыркүйек

•18-22 қыркүйек

•18-22 қыркүйек

Байқау және зертханалық бақылау желісінің
мамандарын 2024 жылы оқыту кестесі

Нақты мәліметтерді төмендегі телефондар арқылы алуға болады:

8 (775) 251-25-95, 8 (705) 301-73-01

Ескерту: Семинарлар ұйымдардың тапсырысы бойынша онлайн режимде де өтетін болады.